

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы « 29 » қаңтардағы
№ 44 қаулысымен
бекітілген

**Жамбыл облысы Тараз қаласының
бас жоспары
(негізгі ережелерді қоса алғанда)**

1-тарау. Жалпы ережелер

Жамбыл облысы Тараз қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) Жамбыл облысының аумағын ұйымдастырудың бекітілген бас схемасына және қала құрылысын дамытудың кешенді схемасына сәйкес әзірленетін негіз қалаушы қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, қала құрылысын жобалау саласына жататын Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне және нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2-тарау. Бас жоспардың мақсаты

Бас жоспар қалалық аумақтың кешенді қала құрылысын дамыту стратегиясын, аумақты оңтайлы жоспарлау құрылымын және функционалдық аймаққа бөлу бағытын, қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын, қоғамдық қызмет көрсету жүйесін, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды, жобаланатын аумақтағы инвестициялық процесті ұзақ мерзімді жоспарлауды, көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, инженерлік жабдық жүйесін дамытуды, аумақты инженерлік тұрғыдан дайындауды және абаттандыруды, қоршаған ортаны және тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғауды айқындайды.

Бас жоспарда мынадай жобалық кезең қабылданды:

бастапқы жыл – 2022 жыл;

бірінші кезек – 2029 жыл;

есепті мерзім – 2040 жыл.

Бас жоспарды «Қолдау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1:10 000 масштабындағы авторлық топографиялық түсірілім негізінде әзірледі.

Бас жоспардың негізгі мақсаты – қаланы орнықты дамыту және қазіргі тұрғындар мен келешек ұрпақ үшін әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, кеңістіктік, қала құрылысы міндеттерін кешенді шешуді және қазіргі даму үрдісінің ерекшелігін ескеріп, қазіргі заманғы қаланы дамытуға негізделген қолайлы тіршілік ортасын қалыптастыру.

Бас жоспарда шешімі табылған негізгі міндеттер:

- 1) алдыңғы Бас жоспар идеяларының сабақтастығын сақтау;
- 2) күрделі және тарихи құрылысты барынша сақтап, қаланың қазіргі сәулет-жоспарлау құрылымын жетілдіру;
- 3) есепті мерзімнен тыс қаланы одан әрі перспективалы дамыту үшін аумақты резервке қою;
- 4) қала тұрғындарының тіршілік әрекетін және қоныстану ортасын жақсарту;
- 5) тұрғын ортаның элементтерін бірге қалыптастырып, бос аумақта жаңа тұрғын үй құрылысын орналастыру;
- 6) тұрғындарға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің барлық түрін дамытып, қоғамдық орталықтардың қалалық жүйесін дамытуды жалғастыру;
- 7) көгалдандырудың бірыңғай жүйесін құру: рекреациялық аймақ, саябақтар, желекжолдар, гүлбақтар, санитариялық қорғау бағытында көгалдандыру;
- 8) қалалық жаңа магистраль, көпір, өтпезол салу және барлық көлік түрінің материалдық-техникалық базасын дамыту негізінде қаланың бірыңғай көлік желісін дамыту мен жетілдіру;
- 9) қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамыту, жетілдіру мен жаңғырту;
- 10) қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру іс-шараларын жүргізу;
- 11) тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қорғау;
- 12) табиғи ресурсты, жер қойнауын және жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану.

3-тарау. Қала туралы мәлімет

Тараз қаласы – облыстық маңызы бар ірі қала, Жамбыл облысының әкімшілік, шаруашылық, экономикалық және мәдени орталығы, Қазақстан Республикасының аса ірі өнеркәсіп орталығының және көлік торабының бірі. Қаланың өзін де, бүкіл облысты да толыққанды дамыту үшін облыстың бай минералды-шикізат базасы, өнеркәсіптік ресурсы, рекреациялық және табиғи-климаттық әлеуеті бар.

Қала диқаншылыққа шұрайлы Талас-Аса жерінде экономикалық-географиялық қолайлы жағдайда ірі күрежолдар қиылысқан торапта орналасқан: шығыстан оңтүстік-батысқа қарай қала арқылы Алматы – Шымкент магистральдық темір жолы өтеді, ал солтүстік-батыс бағытта Қаратау қаласына қарай тармақталған Алматы – Шымкент (А-2) республикалық маңызы бар автожолы қаланы солтүстіктен айналып өтеді және оңтүстік-шығыстан Бішкек – Жамбыл сыртқы автожолы бар. Бұдан басқа, қалада республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары түйіседі.

Тараз қаласының теріскейінен өтетін халықаралық автокөлік дәлізі қаланың дамуында ерекше рөл атқарады.

Ауылдық елді мекендердің тығыз желісі Тараз қаласының сыртқы торабында орналасқан және қалаға жақындаған сайын ауылдық қоныстар желісі

сирей түседі.

Жобалаудың басында қала аумағының ауданы 18 787,0 га құрады, қала шекарасын кеңейту есебінен аумақтың ауданы есепті мерзімге 31693,7 га құрайды. Қала шекарасына қосылатын аумақ – 12 906,7 га. Бұл – Жамбыл облысы Байзақ және Жамбыл аудандарының жері, сондай-ақ «Новоджамбулец» және «Дорожник» саяжай-бақ алабы.

2022 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық есеп деректері бойынша Тараз қаласының тұрғындарының саны 422,8 мың адамды немесе Жамбыл облысының бүкіл тұрғындарының 36,8 %-ын құрады.

4-тарау. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық жағдай

Табиғи-климаттық жағдайы бойынша Тараз қаласы Қырғыз жотасының солтүстік-батыс беткейінде Тянь-Шань таулы облысының шегінде орналасқан, мұның өзі климаттың ерекшелігін көрсетеді. Құрылыс үшін климаттық аудандастырудың схемалық картасына сәйкес Тараз қаласы III Б климаттық шағын ауданға жатады.

Мұнда қыс әдетте жылы және қар аз түседі. Қаңтардағы орташа температура – (-) 2,30 °С, минус 10°С дейін төмендейді. Қаладағы ең ыстық ай – шілде, орташа айлық температура – +25°С. Қаңтар айындағы салыстырмалы орташа айлық ылғалдылық 80 %-ды құрайды, қараша мен наурыз кезеңінде түсетін жауын-шашын 170 мм-ден асады.

Қала Қырғыз жотасының батыс шетіндегі тау бөктерінде (Тянь-Шань жүйесі) Талас-Аса өзен аралығында орналасқан, мұнда тау жоталарының жалпы биіктігі 1600 метрден 800 метрге дейінгі абсолютті биіктіктегі аласа тау болып төмендейді. Тау бөктері таудың және өзеннің солтүстікке қарай еңіс ысырынды конустарының жазықтығынан тұрады. Қала аумағындағы тау беткейі жазығының абсолютті биіктігі – 662 метрден 568 метрге дейін. Жамбыл маңы тау бөктерінің ерекшелігі – жазықтар арасында Үлкен және Кіші Бұрылтау жалпы тау жүйесінен окшауланған байырғы жыныстардан да, Қырғыз жотасының батыс шеті – Тектұрмас сілеміне жалғасып жатқан жыныстардан да қалыптасқан тілімденген төбе-тау рельефінен және ұсақ шоқылардан тұратын жекелеген арал учаскелерінің болуы.

Қала аумағының шығыс бөлігін (шамамен 4 км²) Тектұрмас қыратының батыс шеті алып жатыр. Тараз қаласы аумағының солтүстік бөлігін Аса мен Талас өзендерінің біріккен конусы алып жатыр. Жер үсті аздап тілімденген.

Қаланың орталық бөлігін ежелгі ысырынды конусының ойық жырасы алып жатыр. Оның беті тегіс, солтүстікке қарай сәл еңіс, тереңдігі 6 – 8 м «Қарасу» сияқты жыра аңғарының сирек тіліктерімен күрделене түседі.

Аумақтың шығыс жақ жартысында Тектұрмас қыраты мен ойықты жыралар арасында Талас өзенінің жайылма үсті террассасы кешені орналасқан.

Қала аумағы шегінде 6 инженерлік-геологиялық аудан белгіленген:

I – төбе-тау (Тектұрмас қыраты);

II – ежелгі тау бөктерінің ысырынды конусы (қаланың орталық бөлігі);

III – ысырынды конусының етегі (Тектұрмас қыратты алаптың солтүстік етегінде);

IV – Аса және Талас өзендерінің бірыңғай ысырынды конусы (қаланың солтүстік бөлігі);

V – Талас өзенінің 1-ші жайылма үсті террасасы;

VI – Талас өзенінің жайылмасы мен арнасы.

Тараз қаласын және Жамбыл, Байзақ аудандарының 24 елді мекенін шаруашылық-ауыз сумен және өндірістік-ауыз сумен жабдықтауды ұйымдастыру мақсатында Талас-Аса жерасты су көзіне барлау жүргізіліп, пайдаланылуда.

5-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму

1-параграф. Демография

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Тараз қаласының халық саны 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 422,8 мың адамды құрады.

Демографиялық процесс серпінінің нақты көрсеткіштерін ретроспективалық талдау, халықтың табиғи және механикалық қозғалысын болжау негізінде, сондай-ақ Тараз қаласы әкімшілік шекарасының аумақтық өзгерістеріне байланысты жобалау кезеңдеріндегі қала халқының перспективалық саны есептелді. Бұл ретте өңір экономикасын дамытудың қалыптасқан үрдісі, ресурстық әлеуеті, Жамбыл облысының облыс орталығы ретіндегі қаланың басым функцияларын дамыту бағытында қала түзуші және қызмет көрсетуші салаларының қалыптасуы ескерілді.

2022 жылы экономикалық белсенді халық саны 197,0 мың адамды құрады. Экономикалық белсенді азаматтар санынан жұмыспен қамтылған халық саны 94,4 %-ды құрайды.

Жалпы жобалық кезеңде халықтың экономикалық қызметпен қамтылуы 1,48 есеге артып, есепті мерзімге 277,2 мың адамды құрайтын болады.

Жобада есепті мерзімге жұмыспен қамтылғандар санын бастапқы жылмен салыстырғанда 1,5 есеге арттыру ұсынылады, бұл 91,1 мың адамды құрайды.

Жұмыс күшінің деңгейі 2040 жылға қарай еңбек ресурсының жалпы санының 74,9 %-ына дейін артады, ал жұмыс күшінің құрамына кірмейтін деңгей есепті мерзімге 2022 жылғы көрсеткішке қатысты 0,8 %-ға қысқарады.

Жалпы бірінші кезекке және есепті мерзімге өнеркәсіп секторында жұмыспен қамтылғандар санының артуы өнеркәсіптік аймақты дамытумен, сондай-ақ Тараз қаласында орналастырылатын жаңа кәсіпорындарды пайдалануға берумен қамтамасыз етіледі.

2-параграф. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Қаланың жобалық шекараларын өзгерту қаланың орталық бөлігінде аз

қабатты және орташа қабатты құрылыстарды орналастырып (сондай-ақ оны реконструкциялап және тығыз орналастырып) және қаланың солтүстік, солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс бөліктерінде орташа қабатты және биік құрылыстар мен оңтүстік бөлігінде аз қабатты тұрғын үйлерді салып, тұрғындарды қоныстандырудың жаңа тұжырымдамасын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты осы жобамен тұрғын үй қорының құрылымын қалыптастыруға және қала аумағы бойынша бөлуге қатысты белгілі бір түзетулер енгізіледі.

Жаңа тұрғын үй құрылысы қаланың Солтүстік бөлігінде шоғырланатын болады және онда әр жоспарлау ауданында қалыптасатын халыққа қызмет көрсету орталықтары бар орташа қабатты құрылыс, биіктігі әрқилы көп қабатты тұрғын үй кешендері болады. Бұдан басқа, қала келбетінің түпнұсқасы сақталып, реконструкцияланатын жерде шағын және орташа қабатты құрылыс салынып, тарихи орталық (Орталық жоспарлау ауданы) реконструкцияланады.

Қаланың оңтүстік бөлігінде инженерлік инфрақұрылымы мен әлеуметтік қызмет көрсету жақсартылатын шағын және орташа қабатты құрылыстар басым болады.

Қалаға кіретін магистральдар мен орталық көшелерде орамдық құрылыс салу көзделуде.

Жалпы құрылыс сұлбасы климаттық, орографиялық ерекшелік, жергілікті өмір салты мен туристік тартымдылық, сондай-ақ азаматтардың жайлы қоныстану ортасы ескеріліп, елдің оңтүстік қалаларының сәулеттік даму тұжырымдамасымен ұштастырылатын болады.

Бірінші кезекке тұрғын үймен қамтамасыз ету бір адамға 25,0 м² құрайды.

Есепті мерзімге тұрғын үймен қамтамасыз ету бір адамға 27,0 м² болып қабылданды.

Есепті мерзімнің соңына қарай сүріп тасталатын жалпы құрылыс көлемі 942,9 мың м² құрайды.

Есепті мерзімнің соңына қарай тұрғын үй қоры 15471,0 мың м² құрайды. Жаңа тұрғын үй салу – 7722,1 мың м².

Қаланың әлеуметтік саласын қалыптастырудың негізгі басымдығы – оны Жамбыл облысының облыс орталығы әрі өңірдің туризм, демалыс және спорттық рекреация индустриясы орталығы мәртебесіне сәйкес дамыту.

Қызмет көрсету объектілерінің толық кешені, саябақ және спорттық аймағы бар жоспарлау аудандарының қоғамдық орталықтарын дамыту, сондай-ақ қолданыстағы саябақтарды, скверлер мен сауда аймақтарын реконструкциялау және абаттандыру жоспарлануда.

3-параграф. Экономикалық қызмет

Жалпы Тараз қаласында макроэкономикалық орнықтылық қамтамасыз етілген. Ішкі және сыртқы нарықта табысты бәсекеге түсетін және өз дамуы үшін капиталды белсенді тартатын дамушы компаниялардың қуатты тобы қалыптасқан.

Қоғамдағы әлеуметтік теңгерімсіздік үрдісі белгілі бір дәрежеде еңсерілген. Азаматтық қоғам институттары дамытылуда. Кәсіпкерлік қызметті жүргізудің саяси және экономикалық тәуекелі азайған.

Ұлттық жобалар мен даму бағдарламаларының басты мақсатына негізінен қол жеткізілген: экономикалық өсу тұрақты сипатта, ауқымды құрылымдық және институционалдық өзгерістердің негізі қаланды. Тараз қаласы – өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған әкімшілік, өнеркәсіп және көлік торабы, Жамбыл облысының тарихи және мәдени орталығы.

Қала әлеуметтік-мәдени қызмет көрсететін облыстық деңгейдегі орталық болып табылады, мұнда қала мен облыс тұрғындарына қызмет көрсетін әкімшілік, ғылыми, оқу, медициналық, ойын-сауық, спорттық және басқа да мезгіл-мезгіл пайдаланылатын объектілер орналасқан.

Қазіргі кезде қаланың көп салалы экономикасында мынадай базалық салалар бар: өнеркәсіп, көлік және байланыс, құрылыс, қаржы-кредит мекемелері, коммуналдық-пайдалану қызметтері, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелері, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары.

Қаланың экономикалық дамуының басты мақсаты – тұрғындардың жұмыспен қамтылумен, әл-ауқаты деңгейінің артуымен және тұрмыс жағдайының жақсаруымен айқындалатын адами әлеуетті жоғарлату.

Тараз қаласының экономикасын перспективалы дамыту индустриялық дамудың перспективалы бағытында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті арттыруға бағытталады, бұл келешекте бірден-бір бәсекелік артықшылық алуға ықпал етуге тиіс және перспективада қала экономикасының сервистік-технологиялық бағытын қалыптастыруға бағытталады. Өңдеу өнеркәсібі мен қызметтер көрсету саласында бәсекеге қабілетті әрі экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер көрсету өндірісін жолға қоюға, жеке секторды ынталандыратын кәсіпкерлік ахуалды, қоғамдық институттардың құрылымы мен мазмұнын жасауға және бәсекелік артықшылықты жетілдіруге, барынша жоғары қосылған құнға қол жеткізіп, нақты өндірісте қосылған құн тізбегіндегі элементтерді игеруге мүмкіндік береді.

Қаланың өндірістік кәсіпорындары үш ірі өнеркәсіптік аймақ қалыптастырды. Бұдан басқа, селитебті аумақта бірқатар көлік кәсіпорыны, құрылыс ұйымы, шағын және орта бизнес нысаны бытыраңқы орналасқан. Жобада барлық өнеркәсіптік аймақты сақтап қалып, оларды реттеу және одан әрі дамыту ұсынылады.

«Қазфосфат» өнеркәсіптік аймағын дамытуда қолданыстағы өндіріс қуатын ұлғайту есебінен «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағының базасында химия өнеркәсібін одан әрі дамыту, сондай-ақ саланың мынадай жаңа бағыттарын:

- фосфатты тыңайтқыш өндірісі;
- полиэтилентерeftалатты қайта өңдеу;
- мырыш оксиді мен қорғасын оксиді өндірісі;
- фосфатты жуғыш заттар өндірісі;
- химиялық түрлендірілген май мен тоңмай өндірісі;

косметологиялық, косметикалық жақпамай мен иісмай өндірісі;
 дайын пластик қалыптардан тұрмыстық бұйым өндірісі;
 дайын пластикалық қалыптардан ойын алаңы, ойын бөлмесін жабдықтауға арналған жабдық өндірісін құру көзделген.

«Тараз» индустриялық аймағы біршама дамиды. Бас жоспарда химия, машина жасау, құрылыс өнеркәсібін дамытуға бағдарланған жаңа өндірісті ұйымдастырып, өнеркәсіптік аймақты 500 га кеңейту көзделген.

Перспективада «Фабрика ПОШ-Тараз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өнеркәсіптік аймағы жаңғыртылатын болады. Аумағында біршама санитариялық қорғау аймағы бар бірқатар өндірістің болуына байланысты өндіріс қуатын «Тараз» индустриялық аймағының аумағына көшіру ұсынылады, бұл өз кезегінде қаланың экологиялық жағдайын тұрақтандыруға ықпал етеді.

Бұдан басқа, қала тұрғындарын ең қажетті тауарлармен қамтамасыз ету үшін қалада жеңіл, тамақ және құрылыс индустриясы өндірісін дамыту жоспарлануда, оларды орналастыру қауіптілік сыныбына және санитариялық қорғау аймағына сәйкес көзделген.

Бас жоспарда «Оңтүстік-Батыс индустриялық-өнеркәсіп аймағын» құрайтын тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының өнеркәсіптік өндірісін орналастыру алаңы айқындалған.

Қоймаға жинау және логистика

Жобада одан әрі елдің бірыңғай логистикалық жүйесіне кіріктірілген екі көлік-логистикалық орталық салу ұсынылады.

Алматы – Тараз 1-логистикалық орталық;

Тараз – Шымкент 2-логистикалық орталық.

Қала тұрғындарын ең қажетті тауарлармен қамтамасыз ету үшін қалада жеңіл, тамақ және құрылыс индустриясы өндірісін дамыту жоспарлануда, оларды орналастыру қауіптілік сыныбына және санитариялық қорғау аймағына сәйкес көзделген.

6-тарау. Қала құрылысын дамыту

Жобада аумақты кеңістікте жоспарлауды ұйымдастыруды дамыту, жаңа тұрғын аудандарды, қоғамдық орталықтар мен әлеуметтік сала объектілерін орналастыру, инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру, қоршаған ортаны сауықтыру бойынша ұсыныстар берілді, ол қалалық ортаның сапасын кешенді арттыруды қамтамасыз етеді.

Бас жоспардың жобалық шешімі, ең алдымен, бірнеше онжылдық бойы қалыптасқан қаланың жоспарлау құрылымын сақтауға және дамытуға бағытталған.

Тараз қаласының Бас жоспарының қала құрылысы шешімдері, оны жоспарлау құрылымы және функционалдық аймақтарға бөлінуі қаланың қазіргі жай-күйі, аумақтарда кешенді құрылыс салуды бағалау, қала шекаралары бойынша енгізілген өзгерістер негізінде әзірленді.

Жобада жоспарлы аудандарға бөлудің қала құрылымының негізгі бөлінісі жүйесі, функционалдық аймақтарға бөлу, көше-жол желісінің және құрылыстың тарихи қалыптасқан жүйесі ескерілетін жаңа жүйесі ұсынылады, ол 7 жоспарлау ауданынан тұрады:

- 1) орталық жоспарлау ауданы (1775 га);
- 2) солтүстік-батыс жоспарлау ауданы (2565 га);
- 3) солтүстік-батыс өнеркәсіптік ауданы (3040 га);
- 4) оңтүстік-батыс жоспарлау ауданы (8749,7 га);
- 5) солтүстік жоспарлау ауданы (3426,0 га);
- 6) шығыс жоспарлау ауданы (3798,6 га);
- 7) оңтүстік жоспарлау ауданы (8339,4 га).

Негізгі функционалдық аймақтарды одан әрі дамыту, жаңаларын құру және қазіргісін өзгерту дәйекті сипатта.

Қаланың қазіргі жай-күйін талдау, оның дамуын ретроспективалы талдау, қала құрылысы жүйесін дамытудың қазіргі заманғы тәжірибесі қаланың жоспарлау құрылымын одан әрі дамытудың негізгі үрдісін (міндеттерін) айқындауға мүмкіндік береді:

қаланың тарихи қалыптасқан радиалды-жартылай шеңбер құрылымын жетілдіріп, оны кейіннен селитебті жаңа аудандар қалыптастырылатын экологиялық жағынан қолайлы солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бағыттағы аумақта перспективалы Алматы және Сарыкемер қоныстану осьтерінің бойында дамыту сипатына қарай бағыттау;

көлік-ауыстырып міну тораптары негізінде қоғамдық орталықтар мен кешендер жүйесін қалыптастырып, көліктік бағдарланған даму, олардың бұрынғылары мен жаңалары арасында функционалдық-жоспарлау байланыстарды күшейту арқылы қаланың құрылымдық қаңқасының орнықты жүйесін құру;

ескі және жаңа қаладағы қалыптасқан жалпықалалық орталықтар арасындағы функционалдық-жоспарлау байланыстарын күшейту арқылы құрылымдық қаңқаны реконструкциялап, қиылысу тораптарындағы негізгі айналма магистральдар бойымен тораптық сипат алатын қоғамдық орталықтар жүйесін дамыту;

Талас өзенінің жайылма аумағы бойында жасыл белдеудің қалыптасуынан көрініс тапқан табиғи ландшафт құрылымына сәйкес келетін көгалдандырылған қоғамдық кеңістік жүйесін дамыту, өмірлік маңызды сауықтыру функциясын орындайтын қала айналасында агропарк жасыл белдеуін құру есебінен қалыптасқан өндірістік базаны бекіту, сондай-ақ көгалдандыру және рекреация жүйесі негізін құрайтын сулы-желекті хорда мен диаметр желісін құратын шағын өзен мен арнаны жоспарлау құрылымына белсенді қосу;

көліктік және инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру.

Селитебті аумақты аумақтық дамытудың негізгі бағыттары жоспарлаудағы шектеулер жүйесі және аумақты кешенді бағалау арқылы айқындалған.

Инженерлік-геологиялық, гидрологиялық жағдайды, ауа бассейнін, топырақтың ластануын, жерүсті суын, су қорғау белдеуімен және аймағымен

айқындалатын шектеуді бағалауды қоса алғанда, қоршаған ортаның жай-күйін бағалауды ескеріп, аумақты кешенді бағалау қаланың аумақтық дамуы үшін жоспарлаудағы шектеулер жүйесін айқындады.

Қаланың аумақтық дамуын айқындайтын факторлар:

жанжал ортасынан ада буферлік аймақ қалыптастыруға бағдарланған Қырғыз Республикасымен шекаралас аумақ;

әуежайдың оңтүстік-батыс жағындағы шуыл жолағы;

солтүстік-батыс өнеркәсіп аймағының өндірістік кәсіпорны келеңсіз әсерін тигізетін аймақ.

Барлық: солтүстік-шығыс, солтүстік, оңтүстік-шығыс және оңтүстік бағыттары бойынша қала шегін реттеп, қала маңындағы ауылдарды: Байзақ және Жамбыл ауданының 14 елді мекенін қосу арқылы сопақ пішінге келтіру көзделеді.

Қаланың шығыс жағынан қала шекарасына Ақбұлым (4022 адам), Талас (4879 адам), Қызыл Жұлдыз (6342 адам); солтүстіктен Қоңыртөбе (484 адам), Шайқорық (4282 адам) және Тантаы (214 адам) елді мекендері кіреді. Батыс жағынан қала шекарасына Бектөбе (3292 адам) және Қызылшарық (1315 адам) ауылдары кіреді. Екі ауыл да әуежайдың шулы жолағына түседі. Оңтүстіктен шекаралас ауылдардың қосылуы конфигурациясы өте күрделі қала шегін теңестіруге деген ниеттен туындаған, оған Кемел (276 адам), Түркісіб (2974 адам), Пригородное (6293 адам), Жалпақтөбе (9836 адам) ауылдары кіреді.

Шекараның кеңеюі көп жағдайда солтүстік және оңтүстік бөліктерде осы бағыттағы тұрғын аудандарды қоршап жатқан айналма жолмен түйіседі және агропарк белдеуі жүйесін қамтиды.

Селитебті аумақты Сарыкемер және Алматы бағыттарында қалыптасқан қоныстану осі бойымен негізінен солтүстік-шығыс бағытта дамыту көзделеді.

Осылайша, қала аумағының ауданын 18 787,0 гектардан (бастапқы жылға) 573,0 мың тұрғыны бар 31 693,7 гектарға дейін ұлғайту көзделуде.

Функционалдық аймақтарға бөлу

Жобада қала аумақтарын функционалдық аймаққа бөлудің қалыптасқан жүйесі негізге алынған, ол негізгі функционалдық: селитебті, өнеркәсіптік және өнеркәсіптік-қойма, қоғамдық орталық, рекреациялық аумақтар, санитариялық қорғау, сыртқы көлік аймақтарын бөлу арқылы одан әрі дамытылады.

Бұл мәселе бойынша жобалық шешімнің негізгі бағыттары:

солтүстік-шығыс бағытта селитебті жаңа аудандарды қалыптастырып, экологиялық тұрғыдан қолайлы аумақта және оңтүстік-шығыс бағытта қала шекарасының конфигурациясын түзетіп, оған сопақ пішін беріп, селитебті аумақты серпінді аумақтық дамытуға бағытталған сипат;

орташа қабатты кешенді тұрғын үй құрылысы аймағын қалыптастырып, тарихи қалыптасқан жоспарлау құрылымына сәйкес орталық аумақ шекарасындағы Абай даңғылы мен Жамбыл даңғылының негізгі айналма магистральдарының бойынан реконструкциялау әдісімен аз қабатты меншікжайлы құрылыс салынған бұрынғы селитебті аумақтарды өрістетуге;

селитебті аумақты функционалдық ұйымдастыруды жетілдіру,

экстенсивті салынған қазіргі меншікжайлы құрылыс аумақтарын өрістету және қазіргі талаптарға сәйкес жаңаларын салу;

қоғамдық орталықтар жүйесін дамыту (жалпы қалалық, қалалық мамандандырылған және жоспарлау, тұрғын аудан орталығы);

реконструкциялау әдісімен ортағасырлық қала құрылысы мәдениетінің орталығы ретінде қаланың тарихи-мәдени ерекшелігін барынша сақтау, бірегей тарихи кешендер: Ежелгі Тараз және Тектұрмас табиғи-ландшафтық кешені арасында жалпыға ортақ пайдаланылатын ашық көгалдандырылған аумақ жүйесін дамыту;

қалыптасқан аумақтық ресурстарды өрістету және барынша тиімдірек пайдалану, қазіргі заманғы технологияларды пайдалану есебінен өндірістік аймақтарды ішкі дамыту;

өнеркәсіптік аймақтарды тұрақтандыру, даму үшін ішкі резервтерді іздестіру, кәсіпорындар қызметінің селитебті құрылысқа зиянды әсерін күшейтуге жол бермей, экологиялық қауіпті кәсіпорындарды селитебті аумақтан басқа жаққа ауыстырып, дәстүрлі қалыптасқан бағытты дамытып, солтүстік-батыс өнеркәсіп ауданында технопарк құру;

өнеркәсіп орындары топтарының санитариялық қорғау аймағын дамыту (нақты анықтау), олардың зиянды шығарындысын азайту жөніндегі іс-шараларды ескеріп, арнайы мақсаттағы көгалдандырылған аумақ жүйесін дамыту арқылы көгалдандырылған кеңістіктің санитариялық функцияларын жетілдіру;

түрлі мақсаттағы қалалық көгалдандырылған аумақтар жүйесін өзен жайылмасының аумағымен, арнаның су қорғау аймағымен және агропарк аймағымен (қалалық және қаладан тыс) және басқаларымен үйлесімді байланыстыру.

Жобада қала құрылымын негізгі бөлу жүйесін, функционалдық аймаққа бөлуді, 7 жоспарлау ауданында ұсынылған көше-жол желісі мен құрылыстың тарихи қалыптасқан жүйесі ескерілетін жаңа жоспарлы аудандастыру жүйесі ұсынылды.

Негізгі функционалды аймақты одан әрі дамыту, жаңа функционалды аймақты қалыптастыру және қолданыстағы функционалды аймақты қайта өзгерту бірізді сипатта.

Бірінші кезеңде (бірінші кезек) қаланың солтүстік және шығыс бөлігінде 15 және 14 «шағын аудандар» деп аталатын көп қабатты құрылыс кешенінің құрылысы аяқталады, сондай-ақ қосылатын Қызыл Жұлдыз және Ақбұлым елді мекендері тұрғын алабының шығысы мен солтүстік-шығысында орналасқан аумақты дайындау және бос аумақта құрылыс салу басталады.

Реконструкциялау іс-шаралары жалпы қала орталығының құрылыс салынған бөлігінде, негізінен Ежелгі Тараз тарихи орталығының ауданында көзделуде.

Өнеркәсіптік аумақтарды дамытуда экстенсивті пайдаланылатын аумақтарды және жұмыс істемейтін кәсіпорындардың босаған алаңдарын өрістету есебінен ішкі даму процестері көзделуге тиіс. Бұл процестің ең алдыңғы

кезені көлікпен қамтамасыз етілуді ескергенде өнеркәсіптік аймақтардың пайдаланылатын аумақтарын түгендеу, ішкі резервтер мен жұмыс істемейтін кәсіпорындарды қайта пайдалану мүмкіндігін анықтау жұмыс болуға тиіс.

Екінші кезеңде (есепті мерзім) және одан әрі аумақты дамыту Байзақ батыр көшесі мен Абай даңғылдарының айналма көшелері арасында, сондай-ақ Қолбасшы Қойгелді көшесі мен Жамбыл даңғылы арасында орташа қабатты кешенді тұрғын үй құрылысы салынатын меншікжайлы тұрғын үй құрылысының тарихи қалыптасқан аумағы шегінде шоғырландырылады.

Жоспарлау құрылымын дамытуда қаланың басты даңғылдары: Абай және Жамбыл даңғылдарының орта ғасырлық жүйесінің барлық әлеуетін пайдаланып, радиалды-жартылай айналмалы жүйені және Мұқаш Қойшыбеков көшесіне дейін ұзартып, одан әрі теміржолдың ар жағына солтүстік-шығысқа қарай қосылатын аумақтар арқылы шеңбер айналма автожолға дейін дамытып, Михаил Лермонтов, әл-Фараби, Жамал Аппасова көшелері бойындағы жаңа айналма жолды барынша аяқтау көзделеді.

Осыған байланысты жобада айналма, тарихи қалыптасқан магистральдарды дамыту көзделген:

Абай даңғылы бойымен шығыс және солтүстік-шығыс бағытта Тараз – Қаратау теміржолы арқылы жол өтпесі бар айналып өтетін автожолға дейін дамытып, сондай-ақ оңтүстік бағытта Алматы – Шымкент теміржол магистралі арқылы жол өтпесін салу;

Жамбыл даңғылын Байзақ батыр көшесіне дейін Әлихан Комратов көшесімен жалғау көзделеді;

қаланың оңтүстік бөлігіндегі Жібек Жолы көшесінен әл-Фараби көшесі – Жамал Аппасова көшесі – Мұқаш Қойшыбеков көшесімен қаланың солтүстік-шығыс бөлігіндегі жобаланған айналып өтетін жолға дейін үшінші айналма жол салу. Магистральды құбыржол үстіне орналасатыны ескерілмей, бей-берекет сипатта салынған өндірістік және коммуналдық объектілерді сыртқа шығарып, әл-Фараби көшесіндегі гүлзарды қалпына келтіру көзделеді. Екі жол өтпесі көзделген (оңтүстік бөлікте Алматы – Шымкент теміржол магистралі арқылы және солтүстік-шығыста Тараз – Қаратау теміржолы арқылы).

Байзақ батыр, Ғазиз Байтасов, Сейілхан Аққозиев, Қазыбек би көшелерінің шекарасындағы ежелгі Тараз аумағы аз қабатты құрылыс пен ортағасырлық қала ортасының келбетін қалпына келтіретін туристік инфрақұрылымы (керуен сарайлар, шығыс моншалары) бар «Көне Тараз» тарихи-мәдени кешенінің айналасындағы аумақтарды, жаяу жүргіншілер аллеясын жаңарту көзделетін ерекше аймақ болып белгіленген. Солтүстіктен «Шахристан» тарихи-туристік орталығына іргелес жатқан Хасан Бектұрғанов пен Александр Пушкин көшелерінің шекарасында қала дамуының Әулие-Ата кезеңіндегі қалалық құрылыс фрагментін қосу қажет.

Бұл тарихи аймақ бүкіл жүйенің өзегін құрайды, одан қаланың сыртқы шекараларына негізгі магистральдар бойымен ежелгі дәуірде қалыптасқан радиалды байланыстар таралады. Оларға: Төле би, Ыбрайым Сүлейменов, Александр Пушкин, Көшек батыр, Асанбай Асқаров, Қаныш Сәтбаев, Көшеней,

Сыпатай батыр, Балуан Шолақ, Дінмұхаммед Қонаев, Ташкент, Наманган, Байзақ батыр, Жібек Жолы көшелері және Алматыға шығатын тас жол жатады. Бұл көшелер қаланың солтүстік бөлігіндегі тұрғын үй аудандары мен жоспарланатын аудандардың қоғамдық орталығы жүйесінің жобалық кіші орталығын құрайды.

Жобада ежелгі Тараздың тарихи орталығының бірегей кешені мен Тектұрмас табиғи-ландшафттық доминантының кеңістіктегі байланысын олардың ортасындағы жерлерде көгалдандырылған кеңістіктер жүйесін құру арқылы дамыту ұсынылған, бұл жерлерде қазіргі кезде меншікжайлы тұрғын үй құрылысының дәйексіз құрылымының тартымсыз, бей-берекет қалыптасқан ортасы, зағиптар қоғамының аумағы бар. Оңалту орталығы ретінде сипатталатын «Майская тоғайы» саябағын Қазыбек би көшесіне дейін кеңейту, сондай-ақ үсті жабық қысқы бақты, гүлжайды, ашық спорт алаңдарын қосу қазір тартымсыз күйдегі қалалық ортаның маңыздылығын арттырады. Ежелгі орталықты «Тектұрмас» рекреациялық аймағымен байланыстыратын аспалы жол салу тарихи өзектің функционалдық және кеңістіктегі байланысын кеңейтеді.

Қаланың суару жүйесінің негізін құрайтын арықтар көше-жол желісімен түйіспейтін өзіндік ортогоналды жүйе бойынша қаланы кесіп өтіп жатыр. Мұның өзі қаланың жоспарлау құрылымының табиғи-ландшафттық қаңқасын дамытып, құрылым түзуші магистральдар сулы-желекті кешенінің негізін құрайтын арықтармен қиылысатын жерлерде қоғамдық орталықтар мен тораптардың қалыптасуымен ұштасып, арнайы рекреациялық аймақтар жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Басты айналма көшелер – Байзақ батыр, Абай, Жамбыл көшелері негізгі композициялық осьтер болып табылады, олардың бойында қаланың қоғамдық орталықтары, жоспарланатын және тұрғын аудандар жүйесінің қала құрылысы торабы қалыптасады.

Бас жоспарда есепті мерзімде селитебті, өндірістік және коммуналдық-қойма аумақтарын орналастыру үшін резервтік алаңдар айқындалған. Тараз қаласын дамытуға арналған резервтік аумақтар есепті мерзімде 0,98 мың га құрайды.

7-тарау. Көліктік инфрақұрылым

Қалалық көше-жол желісін және қалалық көлікті дамыту жөніндегі ұсыныстар қолданыстағы Бас жоспарда белгіленген шешімдерге және мынадай тұжырымдамалық ережелерді сақтауға негізделеді:

көлік байланысын жетілдіру және магистральдық көше-жол желісін қалыптастыру, оның ішінде қала аумағының жоспарланып отырған дамуына сәйкес көше-жол қатынасын байланыстыру үшін магистральдық көшелерді ұзартып, негізінен жаңа шағын аудандарда жол инфрақұрылымын салу;

қозғалысты ұйымдастыруды оңтайландыру және транзиттік көлікті қаланың жобалық айналмалы жолына ауыстыру есебінен көше-жол желісінің өткізу қабілетін арттыру;

негізгі магистральдық көшелер мен жолдар қиылысқан және түйіскен тұстарды, олардың өзенмен қиылыстарын көше-жол желісінің өткізу қабілетін және көлік қозғалысының жылдамдығын арттыруға, көше-жол желісінің қауіпті учаскелеріндегі кептелісті жоюға және қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қажетті мөлшердегі жасанды жол құрылысжайларымен жарақаттандыру;

ортақ пайдаланылатын жолаушылар көлігін басым дамытуды ескеріп, көше-жол желісінде қозғалысты ұйымдастыруды жаңғырту;

микромобильді көліктің (веложолақ, веложол) қозғалысына арналған инфрақұрылымды дамыту;

жаяу жүргіншілердің қозғалысына қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау (тротуармен қамтамасыз ету, жаяу жүргіншілер көшесін жайластыру, жаяу жүргіншілер өткелін негізінен бір деңгейде орнату, ыңғайлы көлік-ауыстырып міну тораптарын құру);

мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жүріп-тұруына ыңғайлы болуы тұрғысынан (тактильді плитка, пандус, қиылыстарда дыбыспен сигнал беру) жол желісін дамыту.

Теміржол көлігі. Теміржол көлігінде жолаушылар тасымалына қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін бастапқы жылы теміржол вокзалының ғимараты реконструкцияланды. Қалада магистральдық теміржол өтетін аумақта тек үш теміржол өтпесі бар, қалалық көше-жол желісінің байланысын және көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұл жеткіліксіз. Осыған байланысты есепті мерзімге қосымша 4 жол өтпесін салу көзделген.

Әуе көлігі. «Әулие-Ата» халықаралық әуежайы Еуропа, Орта Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы перспективалы авиациялық қатынас торабы болып табылады. Әуежай мен ұшу-қону жолағы реконструкцияланды. Әуежай жолаушылар мен жүкті қабылдау және жөнелту үшін әуе кемелерінің ауқымды спектріне қызмет көрсету үшін толық жабдықталған.

Қаланы оңтүстік-батыс бағытта дамыту және қабатты тұрғын үй құрылысының әуежайға қарай жақындауы қоршаған ортаның шумен ластануын төмендету мақсатында әуежайды кейіннен (есепті мерзімде) сыртқа шығаруды талап етеді (тиісті техникалық-экономикалық негіздеме болса). Бас жоспар жобасында «Әулие-Ата халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының техникалық шарттарына сәйкес санитариялық қорғау аймағы (әуежайдың санитариялық қорғау аймағы) көзделген.

Көше-жол желісі. Бас жоспарда байланыстырылған көше-жол желісін жаңа аудандарға көлікпен барып-келу мүмкіндігін қамтамасыз етуді ескеріп одан әрі дамыту және Тараз қаласының айналма жолын салуды аяқтау ұсынылады.

Тірек көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 1531,0 км, оның ішінде магистральдық 310,65 км құрайды.

Бас жоспардың 1-кезеңінде көше-жол желісінің жоспарланған ұзындығы 1545,98 км, оның ішінде магистральдық 325,63 км құрайды.

Есепті мерзімде көше-жол желісінің ұзындығы 1697,68 км, оның ішінде магистральдық 477,33 км құрауға тиіс.

Жолаушылар көлігі. Жолаушылар тасымалы қалалық қоғамдық көлікпен (автобус), таксимен және жеке жеңіл көлікпен жүзеге асырылады.

Тараз қаласындағы қоғамдық көлік маршруттық желісінің ұзындығы – 267,5 км немесе 1,42 км / км². Маршруттық желі тығыздығының төмен болуы аз қабатты жеке құрылыс санының көп болуына, өнеркәсіптік өндіріс ауданының ауқымды болуына байланысты. Жылдық жолаушылар легі шамамен 30 миллион адамды құрайды. Жобалық мерзімде жолаушылар легі 94 миллион адамға дейін жетеді деп күтілуде.

Бас жоспарда қолданыстағы жылжымалы құрамды сыйымдылығы көп жаңаларына ауыстыру ұсынылады.

Жолаушыларға қолайлы болуы үшін жолаушылар легі көп көлік дәлізінің қиылыстарында көлік-ауыстырып міну тораптарын ұйымдастыру ұсынылды.

Қалада соңғы аялдамаларды автобустардың тұрағы мен жүргізушілердің демалуы үшін жайластыруда проблема бар.

Ортақ пайдаланылатын жолаушылар көлігінің аялдама пункттерін, ең болмағанда, талап етілетін ұзындықтағы мініп-түсу алаңдарымен және ілеспе жабдықпен (шатыр, орындық, павильон және басқалары) және жолаушыларға арналған ақпараттық табломен жабдықтау ұсынылады.

Жеңіл көлік. Есепті мерзімде халықтың нормативтік қамтамасыз етілуін ескеріп, қалалық автомобиль көлігі 3,1 есе өседі деген болжам бар. Қазіргі уақытта автокөлік ұдайы қойылатын жерлер: гараж-бокс, күзетілетін ақылы автотұрақ және меншікжай учаскелері.

Қалада жаңа құрылыс салғанда ашық тұрақ орындары мен жерасты паркингтерді қарастырған жөн.

Қаланың ауа бассейнінің жағдайын жақсарту үшін Бас жоспарда ұйымдар мен кәсіпорындардың бензин отыны құйылатын автокөлігінің бір бөлігін газ отынына ауыстыру туралы мәселені қарау ұсынылады.

Есепті мерзімде негізгі жоспарлау шешімдерінің іске асырылу шамасына қарай рекреациялық аймақта аспалы жол желісін салу ұсынылады.

8-тарау. Инженерлік инфрақұрылым

1-параграф. Сумен жабдықтау

Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау схемасы Жалпақтөбе ауылындағы № 1 су жинағышынан № 1 көтергіштің II сорғы станциясының және 4-ші жылу электр орталығының алаңына, Құмшағал шағын ауданындағы оңтүстік-батыс № 3 су жинағышынан № 3 көтергіштің II сорғы станциясының алаңына залалсыздандырылған су берудің қолданыстағы схемасы бойынша қалады. № 1

көтергіштің II сорғы станциясы алаңынан су қаланың бір аймағының су құбыры желісіне және ішінара басқа аймақтың II көтергішінің резервуарымен сорғы станциясының алаңына беріледі.

Бас жоспар шеңберінде сумен жабдықтау жүйесін дамытуда мыналар көзделген:

Құрылыстың 1-ші кезегінде (2029 жыл):

диаметрі 200 – 1000 мм, жалпы ұзындығы 41 км магистральдық су құбыры желісін салу;

сумен жабдықтаудың қолданыстағы магистральдық желісін реконструкциялау – 18,4 км;

халыққа берілетін ауыз су сапасын мониторингтеуді ұйымдастыру;

өлшеу аспаптарын, су құбыры желісіндегі бақылау аспаптарын және үйлерде суды есепке алу аспаптарын ендіру;

су құбырын салған және жөндеген кезде өрт сөндіру гидранттарын орнату.

Есепті мерзімге (2040 жыл):

диаметрі 200 – 1000 мм магистральдық су құбыры желісін салу – 94 км;
қолданыстағы магистральдық сумен жабдықтау желісін реконструкциялау – 42,9 км;

халыққа берілетін ауыз су сапасын мониторингтеуді ұйымдастыру;

өлшеу аспаптарын, су құбыры желілеріндегі бақылау аспаптарын және үйлерде суды есепке алу аспаптарын енгізу;

су құбырын салған және жөндеген кезде өрт сөндіру гидранттарын орнату.

2-параграф. Су бұру

Есепті мерзімде Тараз қаласында сарқынды суды тазарту саласындағы соңғы әзірлемелерді қолдану арқылы кәріз тазарту құрылысжайлары кешенін қамтитын орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтамасыз ету көзделген. Тазартылған сарқынды су жинақтағыштарға жіберіледі. Сарқынды суды тазарту сапасы суарудың шекті рұқсат етілген концентрациясына сәйкес келуге тиіс.

Құрылыстың бірінші кезегіне Тараз қаласы үшін су бұрудың жиынтық болжамды есептік көлемі (2029 жыл): тәулігіне 152,58 мың м³; жылына 55473,08 мың м³ құрайды, оның ішінде:

шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждыққа: 125,28 м³/тәул., 45509,08 мың м³/жыл;

өндірістік мұқтаждыққа: 27,3 м³/тәул., 9964 мың м³/жыл.

1 адамға шаққандағы су бұрудың жалпы орташа нормасы – 338 л/тәул.

1 адамға шаққандағы шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждыққа су бұрудың жалпы орташа нормасы – 282 л/тәул.

Тараз қаласы үшін есепті мерзімде (2040 жыл) су бұрудың жиынтық болжамды есептік көлемі: 247,54 м³/тәул.; 90350 мың м³/жыл, оның ішінде:

шаруашылық-ауыз су мұқтаждығына: 206,28 м³/тәул., 75292 мың м³/жыл;

өндірістік мұқтаждыққа: 41,26 м³/тәул., 15058 мың м³/жыл.

1 адамға шаққандағы су бұрудың жалпы орташа нормасы – 42 л/тәул.

1 адамға шаққандағы шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждыққа су бұрудың жалпы орташа нормасы – 360 л/тәул.

Қазақстан Республикасының 4.01-03-2011 «Су бұру. Сыртқы желілер мен құрылысжайлар» құрылыс нормасына сәйкес өнеркәсіп орындарының су бұру желілерін елді мекен желісіне қосқан кезде кәсіпорындар шегінен тыс орналастырылатын бақылау құдығы бар су төгу сырықтарын көздеген жөн. Әр кәсіпорыннан шығатын сарқынды судың шығынын бөлек-бөлек өлшейтін құрылғы көздеу керек.

Құрылыстың бірінші кезегінде және есепті мерзімде кәріз тазарту құрылысжайларының санитариялық қорғау аймағы 500 м, сүзу алаңынан санитариялық қорғау аймағы 400 м құрайды. Жобада су бұрудың мынадай схемасын жобалау ұсынылады: сарқынды су өздігінен ағатын тегеурінді коллекторлар жүйесі арқылы басты кәріз сорғы станциясына ағызылады және одан әрі толық биологиялық тазартудан өткізетін жобаланатын кәріз тазарту құрылысжайларына жіберіледі. Тазартылған сарқынды су жинақтағышқа жіберіледі. Су бұру объектілерін, кәріз жүйелері мен тазарту құрылысжайларын салу және реконструкциялау тұрғындардың су бұру қызметімен қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сарқынды суды тазартудың қазіргі заманғы тиімді технологияларын енгізу Тараз қаласының экологиялық жағдайын жақсартады.

Тұрғындарды орталықтандырылған кәріз жүйесімен қамтудың төмен – 53 % екенін ескеріп, құрылыстың бірінші кезегінде төгу станцияларын орналастыру ұсынылады. Төгу станциялары Тараз қаласының кәріз жүргізілмеген аудандарынан келетін сарқынды суды қабылдауға және тиісінше өңделгеннен кейін кәріз желісіне жіберуге арналған. Сарқынды суды станцияға жеткізу вакуумдық (пневматикалық) жүктеу арқылы ассенизациялық көлікпен жүзеге асырылады.

Төгу станцияларын қаланың халық аз қоныстанған бөлігінде (солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс) тұрғын үй орамдарынан кемінде 300 м қашықтықта диаметрі 400 мм кәріз коллекторының жанында орналастыру көзделуде.

Төгу станциясының аумағын қоршау, көгалдандыру және абаттандыру керек.

Жоба шеңберінде су бұру жүйесін дамытуда мыналар көзделген.

Құрылыстың 1-ші кезегінде (2029 жыл):

диаметрі 200 – 800 мм, ұзындығы 25 км (өздігінен ағатын), 1,6 км (тегеурінді) кәріз желісін салу;

кәріздік магистральдық желіні реконструкциялау – 6,6 км;

2 кәріз сорғы станциясын салу;

сарқынды суды тазартудың және тұнбаны өңдеудің қазіргі заманғы технологиясын енгізіп, кәріз тазарту құрылысын жобалау және салу;

тазартылған сарқынды су жинақтағыштарды жобалау және салу;

сарқынды судың тазартылуын мониторингтеу;

сарқынды суды тазарту процесінде түзілетін тұнбаны кәдеге жарату;

орталықтандырылған су бұруға қолжетімділікті жүзеге асыру – 100 %.

Кәріз тазарту құрылысжайларын салудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеген кезде кәріз тазарту құрылысжайларының өнімділігіне сәйкес негізгі кәріз сорғы станциясын ауыстыруды қарастыру қажет.

Есепті мерзімге (2040 жыл):

диаметрі 200 – 800 мм, ұзындығы 1,5 км (тегеурінді) магистральдық кәріз желілерін салу, өздігінен ағатын желі – 59,0 км;

магистральдық кәріз желісін реконструкциялау – 15,42 км;

сарқынды суларды тазартудың және тұнбаны өңдеудің қазіргі заманғы технологиясын енгізіп, кәріз тазарту құрылысжайларының өнімділігін ұлғайту;

тазартылған сарқынды су жинақтағыштарды кеңейту;

сарқынды судың тазартылуын мониторингтеу;

сарқынды суды тазарту процесінде түзілетін тұнбаны кәдеге жарату;

орталықтандырылған су бұруға қолжетімділікті жүзеге асыру – 100 %.

Тараз қаласының су бұру жүйесін дамытудың келтіріліп отырған шешімдерін жобалаудың келесі кезеңдерінде нақтылау талап етіледі.

3-параграф. Жылумен жабдықтау

Жүргізілген жылу желілері дамыған «Таразэнергоорталық» акционерлік қоғамының 4-ші жылу электр орталығы мен 4-ші аудандық қазандығынан жылу берудің қолданыстағы жүйесінің барлық буыны тиісінше дамытылатын болса, оларды өзара алмастыра отырып әрі өзара резервтей отырып, жылумен жабдықтаудың икемді жүйесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Перспективада 4-ші жылу электр орталығы мен 4-ші аудандық қазандық аймақтарының бір орталықтан жылумен жабдықтау жүйесін қазір қолданыстағы жылумен жабдықтау аймағының шекарасында дамыту көзделген. 4-ші жылу электр орталығы және 4-ші аудандық қазандық аймақтарының жылу желілеріне қолданыстағы жылу желілерінің шекарасында орналасатын объектілерді қосу ұсынылады, бұған қомақты капитал шығындары қажет емес.

Қолданыстағы бір орталықтан жылыту жүйесі жұмыс істейтін аймақта сүріп тасталатын аз қабатты ескі құрылыстың орнында орташа қабатты (4-5 қабат) тұрғын үй салу көзделген. Қаланың солтүстік, оңтүстік және шығыс бөліктерінде жылу жүктемесі анағұрлым жоғары бос аумақтарда көп қабатты жаңа құрылыс салу жоспарлануда.

Қаланың солтүстік, оңтүстік және шығыс бөліктерінде жобаланатын, жинақы орналасатын көп қабатты тұрғын үй кешендерін жылумен жабдықтау табиғи газбен жұмыс істейтін дәстүрлі топтық қазандықтарды да, геотермалдық ресурстар, гелиожүйелер және әртүрлі электрмен, жылуымен жабдықтау тәсілдері негізінде экологиялық тұрғыдан анағұрлым таза, дәстүрлі емес жылумен жабдықтау көздерін де пайдалануға бағытталуға тиіс.

Жаңа топтық қазандықтардан орталықтан жылыту аймақтары

Тараз қаласының кешенді құрылыс салынатын ірі аудандары үшін қажетті қуаты бар жабдық жиынтығымен блокты-модульді қазандықтар негізінде үйлер

тобын немесе қоғамдық ғимараттар кешенін жылумен қамтамасыз етуге арналған топтық қазандықтар салу ұсынылады.

Бөлек тұрған стационарлық қазандықтардың ғимараттарын стационарлық және блокты-модульді етіп салуға болады. Бөлек тұрған қазандықтың ғимараттары мен құрылысжайларын салу нұсқалары нормаланбайды және техникалық-экономикалық есеп-қисаптармен айқындалады.

Блокты-модульді қағидат қажетті қуаты бар қазандықты, зауыттан барынша әзір күйде шығарылатын қазандықтар жиынынан және қосалқы модульдерден оңай тұрғызу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қазандық қондырғысының корпусы тұтастай металдан жасалып, қымталуға және өртке қауіпсіз болуға тиіс. Жобада көп қабатты жаңа тұрғын үй кешендерін жылумен қамтамасыз ету үшін блокты-модульді қазандықтар технологиясын қолдану ұсынылады.

Топтық қазандықтан мыналарды қамтамасыз ету ұсынылады:

2029 жылға дейінгі құрылыстың бірінші кезегінде – қаланың солтүстік, шығыс және оңтүстік бөліктерінде орналасатын көп қабатты жаңа тұрғын үй құрылысы мен қоғамдық құрылыстың жылу жүктемесі. Топтық қазандықтардың жалпы жылу қуаты – 110 Гкал/сағат;

2040 жылға дейінгі есепті мерзімде – қаланың шығыс және орталық бөліктерінде орналасатын көп қабатты жаңа тұрғын үй құрылысы мен қоғамдық құрылыстың жылу жүктемесі. Топтық қазандықтардың жалпы жылу қуаты – 70 Гкал/сағат.

Орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау аймағы

«Жамбыл-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының, «София» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және «Таразтрансэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының автономды қазандықтарынан жылытылатын аймақтарда есепті мерзімге дейінгі кезеңде көп қабатты жаңа тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар салу жоспарланбаған.

Жылу желілерін дамыту жөніндегі ұсыныстар

Орталықтан жылытылатын аймақ.

4-ші жылу электр орталығы мен 4-ші аудандық қазандықтың жылу желілері жүйесі дамыған, жаңа құрылысты жылумен жабдықтау үшін бір уақытта диаметрі (қажет болғанда) ұлғайтылып, тозуына байланысты реконструкцияланатын қолданыстағы тарату желілері мен орамшілік желілер пайдаланылады.

2029 жылға дейінгі құрылыстың бірінші кезегінде:

4-ші жылу электр орталығынан 14-ші шағын ауданның жаңа құрылыс салынатын ауданына жылу беру үшін диаметрі 200 – 50 мм тарату желілері мен орамшілік жылу желілері салып, қолданыстағы 2ДУ500 мм жұмысы тоқтатылған жылу магистралін іске қосу қажет;

4-ші аудандық қазандықтан 15-ші шағын ауданның жаңа құрылыс салынатын ауданына жылу беру үшін шағын аудан аумағында М-10 жылу магистралінен 100-50 мм тарату желілері мен орамшілік жылу желілерін салу қажет.

2040 жылға дейін есепті мерзімде:

жылу трассасының ұзақ пайдаланылуына және пайдалану ресурсының сарқылуына байланысты М-3 жылу магистралін реконструкциялау, реконструкцияланатын учаскенің ұзындығы ~ 3 км құрайды;

4-ші аудандық қазандықтан оңтүстік-батыс ауданының реконструкцияланатын аумағындағы жаңа құрылыс салынатын ауданға жылу беру үшін диаметрі 100-50 мм, ұзындығы ~ 1,2 км тарату желісін салу қажет;

4-ші жылу электр орталығы мен 4-ші аудандық қазандықтан жылытылатын аймақта жылумен жабдықтау сенімділігін арттыру үшін (резервтеу мүмкіндігі) Александр Пушкин көшесінің бойымен М-10 және М-2 жылу магистральдарының арасында ұзындығы шамамен 2 км қосқыш құбыр салу ұсынылады.

Орталықсыздандырылған жылыту аймағы

Топтық қазандықтар аймағында қуаты 5 Гкал/с астам жаңа жылу желісін салу, тұрғын және жаңа құрылыс салынатын аудандарға жылу беру үшін қоғамдық құрылыстың жылу жүктемесін уақтылы қамтамасыз ету мақсатында жылу желісін салу талап етіледі. Топтық қазандықтарға қосылатын жылу жүктемесінің көлеміне қарай қазандықтан жылу тарату желілерінің бас учаскелерінің диаметрлері 400-100 мм дейін болады.

2029 жылға дейін құрылыстың бірінші кезегінде:

топтық қазандықтардан шығыс ауданының жаңа құрылыс салынатын аудандарына дейін ұзындығы 4,5 км, диаметрі 2ДУ400-100 мм тарату жылу желісін салу;

топтық қазандықтардан солтүстік ауданының жаңа құрылыс салынатын аудандарына дейін ұзындығы 0,7 км, диаметрі 2ДУ200-100 мм тарату жылу желісін салу;

топтық қазандықтардан оңтүстік ауданының жаңа құрылыс салынатын аудандарына ұзындығы 2 км, диаметрі 2ДУ200-100 мм дейін тарату жылу желісін салу қажет.

2040 жылға дейін есепті мерзімде:

топтық қазандықтардан шығыс ауданының жаңа құрылыс салынатын аудандарына дейін ұзындығы 6 км, диаметрі 2ДУ300-100 мм тарату жылу желісін салу;

топтық қазандықтардан орталық ауданының жаңа құрылыс салынатын аудандарына ұзындығы 0,8 км, диаметрі 2ДУ200-100 мм дейін тарату жылу желісін салу қажет.

Жылумен жабдықтау схемасының сенімділігін қамтамасыз ету үшін жылытылатын көршілес аудандардың жылу желілері арасында тұйықтап-қосқыш орнату қажет.

Жылу желісі құбырындағы қысымды жоғарылату (төмендету) магистральда айдаушы сорғы станциясын орнату арқылы жүзеге асырылады. Сорғы станциясы орнатылатын жер мен оның параметрлері жобалау кезеңінде олардың гидравликалық режимі негізінде әзірленген гидравликалық есеп-қисаптар мен талдау негізінде айқындалады.

4-параграф. Электрмен жабдықтау

Даму перспективасында қалада электрмен жабдықтаудың қолданыстағы негізгі схемасы сақталады. Бірінші кезекте және есепті кезеңде қаланың перспективалы электр жүктемесін жабуды Т.И.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-1 есебінен және станция қуатын 120 МВт дейін жеткізу үшін қолданыстағы 4-ші жылу электр орталығын жаңғырту есебінен қамтамасыз ету жоспарланады.

Қала тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру үшін Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-1, «Южная», «Астана» қосалқы станцияларын, темірбетон бұйымдары зауытының аумағындағы қосалқы станцияларды біріктіріп, қаланы айналдыра 110 кВ шеңбер салу ұсынылады.

Қосалқы электр станцияларының жалпы санынан отыз жылдан астам пайдаланылып келе жатқандарының саны 40 %-ға жуық. Қала тұтынушыларын сенімді әрі іркіліссіз электрмен жабдықтауды ұлғайту үшін 110/6 кВ қосалқы станцияны жаңғыртып, біртіндеп 10 кВ кернеуге ауыстыру және қазіргі заманғы жабдықты қолдану қажет.

Жоспарланатын жаңа шағын аудандарда және селитебті басқа да аймақтарда жабық үлгідегі қосалқы электр станцияларын салуды межелеу қажет. Жаңадан жобаланатын 10 кВ желілердің бәрін жерде, траншеялардан өткізу арқылы кабельмен жүргізу ұсынылады.

Жаңа аудандарды егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеген кезде жүктеме шоғырланатын болса, жүктеме орталығында жаңа тарату пункттерін салу ұсынылады.

Тұрғын аймақ үшін қолданыстағы үлгілік жобалар бойынша екі трансформаторы бар жабық үлгідегі бөлек тұратын 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станция көзделген.

Әкімшілік және қоғамдық құрылыс үшін бөлек тұратын немесе ғимараттарға кіріктіре салынған екі трансформаторлы қосалқы станция ұсынылады. Трансформаторлы қосалқы станцияларды энергияны анағұрлым көп қажет ететін тұтынушыларға жақындата түсуді ескеріп, оларды жүктеме орталығында орналастыру көзделеді.

Межеленетін 10 кВ электр беру желілері өтетін трассалар, тарату пункттері мен қосалқы станциялардың саны мен орналасуы, сондай-ақ негізгі жабдықтың параметрлері жобалаудың келесі кезеңінде нақтылауды талап етеді.

Есепті мерзімде орташа қабатты және көп қабатты үйлері бар шағын аудандар салу жоспарланған қаланың шығыс бөлігіндегі (Шығыс жоспарлау ауданы) жаңа аудандарды электрмен жабдықтау үшін жабық үлгідегі жаңа «Шығыс» қосалқы станциясын салу ұсынылады, 110/10 кВ жабық тарату құрылғысын қолданыстағы 110 кВ желілерге кабельдік желі арқылы қосу қажет. Трансформаторлардың түрі мен қуаты егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу сатысында айқындалады.

5-параграф. Газбен жабдықтау

Есепті мерзімге дейінгі кезеңде Тараз қаласының табиғи газға деген сұранысы тұтынушылардың мынадай топтары үшін бастапқы деректер негізінде айқындалды:

шаруашылық-тұрмыстық тұтыну;
коммуналдық-тұрмыстық тұтыну;
тұрғын ғимараттар мен қоғамдық ғимараттарды жылумен жабдықтау (жылыту қазандықтары);
өнеркәсіп орындары.

Құрылыстың бірінші кезегінде, сондай-ақ есепті мерзімде Тараз қаласын іркіліссіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қолданыстағы автоматтандырылған газ тарату станцияларын кеңейту және Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына, Жамбыл облысын газбен жабдықтаудың өңірлік схемасына сәйкес Тараз қаласының және Жамбыл ауданы тұтынушыларының газбен жабдықтауға деген артып келе жатқан сұранысын қанағаттандыру үшін Тараз қаласының қалалық шекарасынан тыс жерде орналасуға тиіс жаңа газ тарату станцияларын салу қажет.

2029 жылға дейін құрылыстың бірінші кезегінде мыналарды орындау қажет:

Жамбыл облысы әкімдігінің бюджетінен берілетін инвестициялар есебінен «Тараз» 1-ші автоматтандырылған газ тарату станциясын және 2-ші автоматтандырылған газ тарату станциясын ұлғайтып бара жатқан қала шекарасынан тыс шығару;

өнімділікті арттыру үшін «Амангелді» автоматтандырылған газ тарату станциясын реконструкциялау;

жобаланатын тұрғын үй алаптары үшін газ реттеу пункттерін орнатып, жобаланатын әр алап үшін орташа қысымды газ құбыры-бұрма тармағын салу.

Есепті мерзімде (2040 жылға дейін) мыналарды орындау қажет:

қолданыстағы автоматтандырылған газ тарату станцияларын кеңейту және Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес Тараз қаласының қалалық шекарасынан тыс орналасуға тиіс жаңа газ тарату станцияларын салу;

«Ильич» автоматтандырылған газ тарату станциясын (өзіндік мұқтаждық үшін), «Бесағаш» 4-ші автоматтандырылған газ тарату станциясын, «Амангелді 1» автоматтандырылған газ тарату станциясын реконструкциялау;

Жамбыл облысындағы ең ірі газ тұтынушы – Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-1 мен іргелес жатқан аудандарды газбен жабдықтау үшін ескірген әрі 50 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеген станцияның орнына 3-ші автоматтандырылған газ тарату станциясын салу;

Тараз қаласының шекарасының кеңеюіне байланысты қала шегінде қалатын қолданыстағы газ тарату станцияларын Тараз қаласының тұрғын үй секторы мен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарының жобаланатын және қазіргі тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін қысымды жоғарыдан төменге төмендету үшін блокты газ реттеу пункттері ретінде пайдалану.

6-параграф. Телекоммуникация және байланыс

Қала тұрғындарын телефон байланысымен қазіргі қамтамасыз етілуін талдау негізінде құрылыстың бірінші кезегі кезеңінде телефон тығыздығы 100 адамға шаққанда 32 телефоннан келеді деп қабылданады.

Қалалық телефон желісінің сыйымдылығын есептік шамаға дейін ұлғайту қолданыстағы автоматтандырылған телефон станциясын жаңғырту есебінен де, жаңасын салу есебінен де көзделген.

Жоба құрылыстың барлық кезеңінде желілік құрылысты реконструкциялау қажеттігі көзделген, ол:

SDH стандартының (RDN стандартының қолданыстағы тарату жүйесімен салыстырғанда әлдеқайда ауқымды ақпарат легін таратуға мүмкіндік беретін синхронды-цифрлық иерархия) жабдығын қолданып, автоматтандырылған цифрлық телефон станцияларының арасындағы станцияаралық байланысты ұйымдастыру үшін оптикалық-талшықты желі салуды;

оптикалық-талшықты кабельді қолданып, біртіндеп абоненттік желі салуды;

жаңа тұрғын үй-азаматтық құрылыс ауданы бағытында телефон кәрізін салуды;

қолданыстағы әуе байланыс желісін біртіндеп телефондық кабельді кәрізге ауыстыруды қамтиды.

Перспективада құрылыс салынатын аумақ арқылы өтетін қолданыстағы кабельді кәріздің бір бөлігі сәулет-жоспарлау себептері бойынша демонтаждалуға және жобаланатын автомобиль торабының бойымен төселуге тиіс екенін қосымша атап өткен жөн.

Тараз қаласында жаппай енгізіліп жатқан телекоммуникациялық желіні цифрландыру және оптикалық-талшықты технологияға көшу абоненттерге:

ауызша, цифрлық ақпаратты қамтитын ақпаратты шектеусіз тарату;

телефакс, телемәтін, телефония, бейнемәтін, бейнетелефонияны қамтитын телесервис қызметі;

қызмет көрсетудің сан алуан қосымша түрін алу, оның ішінде:

кіріс қоңырау адресатын өзгерту;

номерді термей қайта қоңырау шалу;

сөйлесу кезінде анықтама алу;

жаңа қоңыраудың түскені туралы хабарлама;

конференц-байланыс сияқты көрсетілетін қызметтің кең спектрін ұсынуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте жіберілетін хабарлама жылдамдығы, сенімділігі мен сапасы соншалықты жоғары болғандықтан, ең талғампаз пайдаланушының талаптарын қанағаттандыра алады.

Жобаланатын ауданға кіретін жобаланатын әкімшілік ғимараттардың бәріне телефон жүргізу үшін жүктеме орталығында орналасқан жобаланатын мультипликаторлық абоненттік нүктелерден телекоммуникацияның сыртқы магистральдық желілерін салу көзделген.

Жобада пайдаланушылар мен корпоративтік тапсырыс берушілерге IP-

телефония, IP-TV, сұраныс бойынша бейне (VoD), жоғары сапалы Интернет, бейнеконференц байланыс және тағы басқалар сияқты қазіргі заманғы байланыс қызметін ұсыну үшін жаңа желінің жылдамдық мүмкіндігін пайдалану ұсынылады. Бұл «үшеуі біреуінде» (Triple-Play) жоғары сапалы қызметті енгізуге мүмкіндік береді.

Ұялы байланыс инфрақұрылымын дамыту пайдаланушылар үшін сенімді әрі тиімді байланысты қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ұялы байланыс инфрақұрылымын дамытуда ескеру қажет негізгі аспектілер:

1) қамту кеңістігін кеңейту. Негізгі міндеттердің бірі – пайдаланушылардың әрқилы жерде, оның ішінде халық тығыз орналасқан қалалық аудандарда, қала маңында, ауылдық жерде және көлік магистралінде желіге қол жеткізуі үшін ұялы байланыс сигналы қамтитын кеңістікті қамтамасыз ету;

2) желі сыйымдылығын арттыру. Қосылатын құрылғы мен деректер легінің көбеюімен желінің сыйымдылығына қойылатын талап та өседі. Ұялы байланыс инфрақұрылымын дамытуда пайдаланушыларға таратылатын ақпараттың жеткілікті көлемін қамтамасыз ету үшін желінің өткізу қабілетін арттыру көзделуге тиіс;

3) жаңа технологияны қолдау. Инфрақұрылымды дамыту деректерді таратудың жоғары жылдамдығын, кідірістің аз болуын және құрылғылардың көп қосылуын қолдауды қамтамасыз ететін 5G сияқты жаңа байланыс технологиясын енгізуді ескеруге тиіс. Осы жаңа технологияны қолдау үшін желілік жабдықты жаңғырту және өткізу қабілетін арттыру қажет;

4) шағын ұяшықтарды өрістету. Қала мен тығыз қоныстанған ауданда шағын ұяшықтарды өрістету (мысалы, шағын базалық станция, пикоұяшық және фемтоұяшық) желінің қамтуы мен сыйымдылығын жақсарту үшін маңызды. Бұл ықшам құрылғы сауда орталығы, әуежай, тұрғын аудан сияқты пайдаланушылар тығыздығы жоғары жерде сигналды күшейтуге мүмкіндік береді;

5) қызмет көрсету сапасын жақсарту. Инфрақұрылымды дамыту пайдаланушылар үшін қызмет көрсету сапасын (QoS) арттыруға бағытталуға тиіс. Бұған сигналды жақсарту, кідірісті азайту, деректерді тұрақты таратуды қамтамасыз ету және трафиктің үлкен ауқымын іркіліссіз өңдеу кіреді;

6) спектрді басқару. Радиожиілік спектрін оңтайлы пайдалану инфрақұрылымды дамытудың маңызды аспектісі болып табылады. Спектрді басқару және операторлар арасында тарату, сондай-ақ қолжетімді жиілік ресурсын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін технологияны пайдалану қажет;

7) энергия тиімділігі. Ұялы байланыс инфрақұрылымын дамытуда энергия тиімділігін ескеру қажет. Энергия тұтынуды азайту, баламалы энергия көздерін пайдалану және желінің жұмысын оңтайландыру шаралары электр желісіне жүктемені айтарлықтай төмендетіп, экологиялық салдарды азайтуға мүмкіндік береді.

9-тарау. Аумақтарды инженерлік дайындау және инженерлік қорғау

Табиғи жағдайларды, қолда бар картографиялық және жоспарлы материалдарды зерделеу, аумақты қауіпті физика-геологиялық процестерден қорғау бойынша инженерлік желілер мен жүйелердің қазіргі жай-күйін талдау нәтижесінде Бас жоспар жобасында пысықталған Тараз қаласының аумағын инженерлік дайындауға мына іс-шаралар кіреді:

аумақты тігінен жоспарлау;

жерүсті ағынды ұйымдастыру;

жасыл желектерді суаруды ұйымдастыру;

Талас өзеніндегі селге қарсы іс-шараларды қамту.

Жобаның сәулеттік-жоспарлау шешіміне сәйкес қалада жаңа құрылыс жоталы-төбешікті рельефі бар ежелгі ысырынды конусының аймағында салынатын болады.

Мұнда құрылыс объектілерін орналастыру тігінен жоспарлаумен ұштасады, ол жер бедерінің өзгеруінен әрі құрылыс салу және төсеу талаптарына бейімделуінен көрінеді.

Жер беті біршама еңіс болғандықтан қазіргі физикалық-геологиялық процестер сызықты эрозиямен, жазықтың шайылуымен және жыралардың пайда болуымен сипатталады.

Жыралардың кеңеюін болғызбау үшін оның төбесін тұрақты құрылысжайлармен бекіту қажет. Жыра төбесін бекітуді мынадай екі схема бойынша жүзеге асыруға болады:

су ағынын жыра жағынан беттес құрылыстың (құбырлы сарқыраманың, науаның, жылдам ағынның) көмегімен арнайы біліктермен (бөгеттермен) кідірту;

төбеге таяу жерден су ағызу қондырғысы бар тұрақты бөгеттер салу. Құрылыс түбінде және одан әрі табанының бойында жергілікті бұта немесе тал егу қарастырылады.

Ісінетін және қорыс топырақтардан тұратын учаскелерде объектілерді жобалау мен салуды Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелерінің ұсынымдарын ескере отырып жүргізу қажет.

Шөгінді саздақтарда салынатын ғимараттар мен құрылыстарға су тиюі ықтимал болса, оларды жобалау, қорғау қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады:

топырақты тығыздау немесе бекіту арқылы шөккіш қабаты шегінде топырақтың шөккіштік қасиетін жою;

іргедегі топырақтың шөккіштік қасиетін жартылай жоюды және шөккіштік қасиеті жойылмаған шөккіш қабатты дымқылдану мүмкіндігінен қорғауды қамтитын іс-шаралар;

топырақтың шөккіш қабатын іргетастармен тіліп өту;

Аумақты тігінен жоспарлаған кезде топырақтың құнарлы қабаты алынып, су тасқыны мен су басудан қорғалған жерлерде жиналуға тиіс, кейіннен ол аумақты абаттандыруға пайдаланылады.

Жобаланатын аумақтың биіктік шешімі негізгі магистральдар мен көшелердің осі бойынша белгілермен және еңістермен ұсынылған.

Қарастырылып отырған аумақтағы жерүсті су ағыны жаңбырдың жаууы және қардың жылдам еруі есебінен қалыптасады.

Жобаланатын аумақтың көп бөлігіндегі жер беті аздап еңіс (1-5 %), бұл жерүсті су ағынын одан тыс бұруды ұйымдастыруда қиындық тудырады.

Осы жобада қарастырылып отырған аумақтан су бұруды аралас тәсілмен жүзеге асыру көзделген: жерүсті – өтпе жолдардың науасы, арық, кювет арқылы, нөсер кәрізінің жабық коллекторына жіберу және нөсер мен еріген қар суын арнайы тазарту құрылыстарына ағызу.

Қаланың жасыл желегін суару магистральдық суару арнасы мен арық желісінен тұратын ашық суару жүйесінің көмегімен жүзеге асырылады.

Суармалы сумен жабдықтау көздері – Қапал және Үшбұлақ каналдары.

Бас жоспардың осы жобасында мынадай іс-шараларды орындау ұсынылады:

Талас өзені мен Қапал, Үшбұлақ каналдарын суармалы сумен жабдықтау көзі ретінде қабылдау;

каналдардағы тіреу құрылыстарды реконструкциялауды жүзеге асыру;

арналарды сүзілуге қарсы қаптағышпен қаптап, жобаланатын аумақ шегіндегі магистральдық каналдарды қоқыстан және шөгінділерден тазарту;

перспективалы құрылыс учаскелерінде тарату каналдарын салу.

Аумақты жерасты судың жайылуынан қорғау және Талас өзенін абаттандыру.

Қала аумағы көктем мезгілінде көтерілетін жерасты суының деңгейінің жоғары болуымен сипатталады.

Жобаланатын аумақтың инженерлік-геологиялық жағдайларын жақсарту мақсатында осы Бас жоспар жобасында перспективалы құрылысты жерасты судың жайылуынан инженерлік қорғау бойынша бірқатар іс-шаралар әзірленді.

Жерасты суының зиянды әсерін болғызбауды және жоюды мынадай шаралар кешенін орындау:

жобаланатын аумақта кешенді дренаж жүйесін салу;

қарастырылып отырған алаңнан жер үстіңдегі нөсер суы мен еріген суды жинау және бұру іс-шараларын орындау;

аумақты су жайылуынан қорғау бойынша алдын алу іс-шараларын әзірлеу және орындау;

суару суының сүзілуін жою мақсатында суару каналдарында сүзілуге қарсы қалқан салу арқылы қамтамасыз етуге болады.

Осы Бас жоспарда су басудың алдын алу мақсатында Талас өзенінің белгілі бір жерлерін темір-бетонмен қаптау, сондай-ақ қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде құм үю бөгеттері жоспарланған.

10-тарау. Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау

Жобада шығарындылардың зиянды әсерін азайту мақсатында мынадай іс-шаралар кешені көзделген:

шекті рұқсат етілген шығарындылар жобаларында қарастырылған ластағыш заттар шығарындыларын азайту іс-шараларын кәсіпорындардың іске асыруын қатаң бақылауды қамтамасыз ету;

атмосфераның жылу көздерінен шығатын шығарындылармен ластануын азайту мақсатында аз қабатты элиталық құрылыс салынған аудандарда жылумен жабдықтау үшін энергияның дәстүрлі емес түрлерін, ең алдымен күн энергиясын пайдалануды ынталандыру;

жобада қазіргі жасыл желекті барынша сақтау, реконструкциялау, сондай-ақ ұйымдастырылуы Бас жоспардың жобалық шешімдеріне негізделген жаңа жасыл желектер егу ұсынылған;

өнеркәсіп орындары орналасқан жерлерде және жылу энергетикасы көздерінің санитариялық қорғау аймағы шекарасында өлшеу жұмыстарын жүргізу, экологиялық мониторингті ұйымдастырып, үнемі жүргізу, қоршаған орта компоненттерінің жай-күйін бақылау бекетін орнату;

Тараз қаласының орталықтан жылумен жабдықтау жүйесін 4-ші жылу электр орталығын, 4-ші аудандық қазандықты, жылу желілерін жаңғырту және реконструкциялау есебінен дамыту;

бензин сапасын жақсарту, Еуро-5 стандартына көшу;

селитебті аймақта орналасқан кәсіпорындарды өнеркәсіптік-индустриялық аймақтың аумағына шығару;

табиғи кешеннің қазіргі аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерден қорғау, қоршаған ортаның шаруашылық қызмет нәтижесінде жоғалған қасиетін қалпына келтіру және оңалту, сондай-ақ резервтік аймақта жаңа жасыл алаптар қалыптастыру шараларын іске асыру;

тыныс-тіршілік ортасының жайлылығын арттыру, оның ішінде аумақты көгалдандыру және қаланың тұрғын және қоғамдық аймақтарындағы мезоклиматтық және микроклиматтық жағдайларды жақсарту арқылы арттыру.

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану мақсатында мыналар көзделген:

диаметрі 200 – 1000 мм жалпы ұзындығы 41 км су құбыры желісін салу;

халыққа берілетін ауыз су сапасының мониторингін ұйымдастыру;

өлшеу аспаптарын, су құбыры желісіндегі бақылау аспаптарын және үйлерде суды есепке алу аспаптарын ендіру;

ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға арналған гидротехникалық құрылыстарды күрделі жөндеу;

су құбырын салған және жөндеген кезде өрт гидранттарын орнату;

қолданыстағы және жобаланатын су жинағыштар үшін санитариялық қорғау аймағы жобасын әзірлеу;

диаметрі 200-800 мм, ұзындығы 25 км (өздігінен ағатын), 1,6 км (тегеурінді) кәріз желілерін салу;

2 дана кәріз сорғы станциясын салу;
сарқынды суды тазартудың және тұнбаны өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын қолданысқа енгізе отырып, кәріз тазарту құрылысжайларын жобалау және салу;

тазартылған сарқынды су жинақтағыштарды жобалау және салу;
сарқынды суды тазартуды мониторингтеу;
сарқынды тұнбаны кәдеге жарату;
орталықтандырылған су бұруға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
кәріздің магистральдық желілерін реконструкциялау – 6,6 км;
диаметрі 200 – 1000 мм, ұзындығы 94 км су құбыры желісін салу;
халыққа берілетін ауыз су сапасын мониторингтеуді ұйымдастыру;
өлшеу аспаптарын, су құбыры желісіндегі бақылау аспаптарын және үйлердегі суды есепке алу аспаптарын ендіру;
су құбырын салған және жөндеген кезде өрт сөндіру гидранттарын орнату;
диаметрі 200 – 800 мм, ұзындығы 1,5 км кәріз желісін (тегеурінді) салу;
кәріздің магистральдық желісін реконструкциялау – 15,42 км;
кәріз тазарту құрылысжайларының өнімділігін арттыру, тазартылған сарқынды су жинақтағышты кеңейту;

1 дана кәріз сорғы станциясын салу;
сарқынды суды тазартуды мониторингтеу;
сарқынды суды тазарту процесінде түзілетін тұнбаны кәдеге жарату;
орталықтандырылған су бұруға қолжетімділікті жүзеге асыру – 100 %.
Топырақ қыртысына әсерді азайту үшін мыналар көзделген:
қазаншұңқыр мен траншеялар қабырғаларын бекіту;
жағалауды нығайту жұмысын жүргізу;
жасыл желек санын көбейту және сайлар мен жыраның беткейіне қорғаныш орман жолақтарын отырғызу;
жерді құрылыс учаскелеріне мейлінше аз беру;
жасыл санитариялық қорғау аймағы түрінде биогеохимиялық кедергі жасау;

бүлінген аумақты қалпына келтіру;
тұрмыстық қатты қалдықты қуаты жылына 260,0 мың тоннаға дейінгі жобаланатын қоқыс сұрыптау кешеніне әкетіп, қала аумағын бірыңғай орталықтандырылған тазалауды ұйымдастыру, одан әрі сұрыпталған қалдық қайта өңдеуге жіберіледі.

Қалдықтарды қайта өңдеу мүмкін болмаған жағдайда қалдық тұрмыстық қатты қалдық полигонына көмуге жіберіледі.

Бас жоспарда қала аумағында шудың әсерін азайту үшін мыналар жоспарланған:

көше-жол желісін нақты саралау: көлік легін біркелкі бөлуге мүмкіндік беретін магистральдық көшелердің тығыздығы және көлік легінің тұрғын аудандар арқылы транзиттік жүріп өтуін болғызбайтын схема; қалаға қатысты транзиттік көлік легін өткізу үшін айналма жол жасау;

қалалық маңызы бар негізгі магистральда көлік легі қозғалысын реттейтін «Жасыл толқын» жүйесін енгізу;

көше-жол желісіндегі шуды азайту үшін магистральдық көшелерді жалпақ жапырақты ағаштармен көгалдандыру;

орталық және тұрғын аудандар шекарасынан тыс ірі автотұрақтар мен гараждар көзделген автомобиль тұрағы жүйесін құру;

негізгі құрылыс салынатын алапты көлік магистралінен алшақтату үшін магистральдар арасындағы аумақты ірілендіру мүмкіндігі;

көшелерді кеңейту, қосылатын аумақтармен көлік байланысын қамтамасыз ету;

жүк терминалынан қаланың тұрғын аудандарына жүк көтергіштігі 1,5 тоннадан аспайтын автомашинамен жүк тасымалдауды ұйымдастыру;

қажет болған жағдайда тұрғындарға акустикалық тұрғыдан жайлы жағдайды және олардың артында орналасқан аумақта шуды азайтуды қамтамасыз ететін көп қабатты қалқа үйлер салу;

шу деңгейі төмен экологиялық таза көлік түрлерін қолдану;

магистральдың жүргін бөлігін тиісті сапалы деңгейде күтіп-ұстау;

қаланың көше жол желісінде жүретін жылжымалы құрамды жоғары техникалық деңгейде күтіп-ұстау;

құрылыс салынатын желіде ені 22 – 60 метрге дейінгі қолданыстағы көшелерде орналасқан ғимараттардағы терезелерді дыбыс оқшаулау бойынша қосымша шаралар;

шуды нормативтік шамаға дейін азайту, оған негізінен ұтымды жоспарлау шешімдерін қабылдау, санитариялық қорғау аймақтарын құру, сондай-ақ дыбыс қорғайтын жасанды конструкцияларды пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

**11-тарау. Жамбыл облысы Тараз қаласы бас жоспарының
(негізгі ережелерді қоса алғанда)
негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері**

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қазіргі жағдайы	Бірінші кезең	Есепті мерзім
1	Аумақ				
1.1	Қала, кент және ауылдық елді мекен шегіндегі елді мекен жерінің ауданы, барлығы	мың га	18,79	31,69	31,69
	оның ішінде:				
1.1.1	тұрғын үй және қоғамдық құрылыс	-//-	5,65	9,03	9,89
	оның ішінде:				
1.1.1.1	үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар меншікжайлы және бөліктелген құрылыс	-//-	3,92	6,04	6,14
1.1.1.2	аз қабатты көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы	-//-	0,05	0,06	0,06
1.1.1.3	көп қабатты көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы	-//-	11,72	208,91	370,21
1.1.1.4	орташа қабатты (4-5 қабатты) құрылыс	-//-	0,61	1,06	1,26
1.1.1.5	қоғамдық құрылыс	-//-	1,06	1,66	2,05
1.1.2	өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма құрылысы	-//-	3,65	4,69	4,95
	оның ішінде:				
1.1.2.1	өнеркәсіптік құрылыс	-//-	2,11	3,14	3,40
1.1.2.2	коммуналдық құрылыс	-//-	0,44	0,44	0,44
1.1.2.3	қойма құрылысы	-//-	1,11	1,11	1,11
1.1.2.4	арнайы аумақ	-//-	0,41	0,41	0,41
1.1.3	көлік, байланыс, инженерлік коммуникация:	-//-	1,32	1,60	1,64
	оның ішінде:				
1.1.3.1	сыртқы көлік (теміржол, автомобиль, өзен, теңіз, әуе және құбыржол)	-//-	0,58	0,58	0,58
1.1.3.2	магистральдық инженерлік желілер мен құрылысжайлар	-//-	0,74	1,01	1,06
1.1.3.3	байланыс құрылысжайлары	-//-	-	-	-
1.1.4	ерекше қорғалатын табиғи аумақ	-//-	0,02	0,10	0,20
	оның ішінде:				
1.1.4.1	қорық	-//-	-	-	-
1.1.4.2	қаумал	-//-	-	-	-
1.1.4.3	табиғат ескерткіші	-//-	-	-	-
1.1.4.4	орман және орман саябағы	-//-	0,02	0,10	0,20

1.1.5	су қоймасы мен акватория	-//-	0,27	0,30	0,30
	оның ішінде:				
1.1.5.1	өзен, табиғи және жасанды су қоймасы	-//-	0,15	0,18	0,18
1.1.5.2	су қорғау аймағы	-//-	0,07	0,09	0,09
1.1.5.3	гидротехникалық құрылысжайлар	-//-	0,04	0,04	0,04
1.1.5.4	су шаруашылығы құрылысы	-//-	-	-	-
1.1.6	ауыл шаруашылығында пайдалану	-//-	2,47	2,86	1,66
1.1.7	жалпы пайдалану	-//-	4,73	11,73	11,66
	оның ішінде:				
1.1.7.1	көше, жол, өтпезол	-//-	3,39	9,30	9,40
1.1.7.2	су айдыны, жағажай, жағалау	-//-	0,02	0,05	0,05
1.1.7.3	саябақ, сквер, желекжол	-//-	0,09	1,16	1,45
1.1.7.4	ортақ пайдаланылатын басқа да аумақтық объект	-//-	1,23	1,22	0,76
1.1.8	резервтік аумақ	-//-	0,29	0,98	0,98
	оның ішінде:				
1.1.8.1	селитебті аумақты дамыту үшін	-//-	0,29	0,65	0,65
1.1.8.2	өнеркәсіптік-өндірістік және коммуналдық аумақты дамыту үшін	-//-	-	0,33	0,33
1.1.8.3	рекреациялық және өзге де аймақты ұйымдастыру үшін	-//-	-	-	-
1.2	Жалпы жер көлемінен:				
1.2.1*	мемлекеттік меншік жері				
1.2.2*	коммуналдық меншік жері				
1.2.3*	жеке меншік жерлері				
2	Халық				
2.1	Бағынысты елді мекендерді есепке алғандағы тұрғын саны, барлығы	мың адам	470,2	484,0	573,0
	оның ішінде:				
2.1.1	қала	-//-	422,8	484,0	573,0
2.1.2	басқа елді мекендер	-//-	47,4	-	-
2.2	Тұрғындардың табиғи қозғалысының көрсеткіші:	-//-	-	82,4	15,2
2.2.1	өсім	-//-	-	112,2	20,3
2.2.2	кему	-//-	-	29,8	5,1
2.3	Тұрғындардың көші-қон көрсеткіші	-//-	-	-1,4	6,6
2.3.1	өсім	-//-	-	10,4	15,0
2.3.2	кему	-//-	-	11,8	8,4
2.4	Тұрғындар тығыздығы				
2.4.1	селитебті аумақ шегінде	адам/га	22,5	15,3	18,1

2.4.2	қалалық, кенттік және ауылдық құрылыс аумағы шегінде	-//-	10,3	12,5	14,2
2.5	Тұрғындардың жас құрылымы:				
2.5.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам, %	119,7/28,3	139,4/28,8	158,7/27,7
2.5.2	еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар	-//-	257,4/60,9	293,3/60,6	355,9/62,1
	(ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-57 жас)	-//-	45,7/10,8	51,3/10,6	58,4/10,2
2.5.3	еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындар	-//-	119,7/28,3	139,4/28,8	158,7/27,7
2.6	Отбасылар мен жалғызбасты тұрғындар саны, барлығы	бірлік	95 155	108 650	128 350
	оның ішінде:				
2.6.1	отбасы саны	-//-	93 955	107 500	127 300
2.6.2	жалғызбасты тұрғындар саны	-//-	1 200	1150	1050
2.7	Еңбек ресурсы, барлығы	мың адам	274,4	325,3	389,6
	оның ішінде:				
2.7.1	экономикалық белсенді тұрғындар, барлығы	мың адам, %	197,0/ 71,8	241,1/ 74,1	291,8/ 74,9
	оның ішінде:				
2.7.1.1	экономика салаларында жұмыспен қамтылған	-//-	163,0/ 87,6	200,3/ 87,8	243,9/ 88,0
1)	қала тұзуші топта	-//-	69,1/ 42,4	87,3/ 43,6	108,1/ 44,3
2)	қызмет көрсету тобында	-//-	93,9/57,6	113,0/ 56,4	135,8/ 55,7
2.7.1.2	жұмыссыз	-//-	93,9/57,6	113,0/ 56,4	135,8/ 55,7
2.7.2	экономикалық белсенді емес тұрғындар	-//-	10,9/ 5,6	13,0/ 5,4	14,6/ 5,0
	оның ішінде:		77,4/ 28,2	84,2/ 25,9	97,8/ 25,1
2.7.2.1	өндірістен қол үзіп оқитын еңбекке қабілетті жастағы оқушы	-//-	63,1/81,5	68,6/81,5	72,7/74,9
2.7.2.2	экономикалық қызметпен және оқумен айналыспайтын еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті тұрғын	-//-	14,3/18,5	15,6/ 18,5	18,3/ 18,7
3	Тұрғын үй құрылысы				
3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	мың м ² жалпы ауданы/ %	8691,8	12100,0	15471,0
	оның ішінде:				
3.2	Жалпы қордан:				
3.2.1	көп пәтерлі үйлерде	-//-	2930,3/33,7	6226,0/51,4	9587,9/62,0
3.2.2	меншікжай үлгісіндегі үй	-//-	5761,5/66,3	5874,0/48,6	5883,1/38,0
3.3	70 %-дан астам тозған тұрғын үй қоры, барлығы	-//-	180,5	220,0	1400,0
	оның ішінде:				

3.3.1	мемлекеттік қор	-//-	Мәлімет жоқ	Мәлімет жоқ	Мәлімет жоқ
3.4	Сақталатын тұрғын үй қоры, барлығы	-//-	8691,8	8220,4	10685,6
3.5	Тұрғын үй қорын қабат саны бойынша бөлу:				
	оның ішінде:				
3.6.1	аз қабатты	-//-	5825,9	5940,8	6027,8
	оның ішінде салынып жатқан:				
3.6.1.1	үй (пәтер) жанындағы жер учаскесі бар меншікжай (коттедж) үлгісіндегі	-//-	5761,5/66,3	5874,0/48,5	5883,1/38,0
3.6.1.2	пәтер жанындағы жер учаскесі бар бөліктелген құрылыс	-//-	-	2,4/0,02	2,4/0,02
3.6.1.3	жер учаскесі жоқ 1-3 қабатты	-//-	64,4/0,7	64,4/0,5	142,3/0,9
3.6.2	орташа қабатты (4-5 қабатты) көп пәтерлі	-//-	2798,8/32,2	4055,3/33,5	6779,3/43,8
3.6.3	көп қабатты көп пәтерлі	-//-	67,1/0,8	2103,917,4	2663,917,2
3.7	Тұрғын үй қорының кемуі, барлығы	-//-	-	235,7	707,2
	оның ішінде:				
3.7.1	техникалық жай-күйі бойынша	-//-	-	70,1	247,5
3.7.2	реконструкциялау бойынша	-//-	-	165,6	459,7
3.7.3	басқа себептер бойынша (үй-жайды қайта жабдықтау)	-//-	-	-	-
3.7.4	тұрғын үй қорының кемуі:				
3.7.4.1	қолданыстағы тұрғын үй қорына қатысты	%	-	1,9	4,6
3.7.4.2	жаңа құрылысқа қатысты	-//-	-	6,5	17,3
3.8	Жаңа тұрғын үй салу, барлығы	мың м ² жалпы ауданы	-	3643,9	7722,1
3.9	Жаңа тұрғын үй құрылысының қабат саны бойынша құрылымы				
	оның ішінде:				
3.9.1	аз қабатты	-//-	-	353,0	1147,2
	оның ішінде:				
3.9.1.1	үй (пәтер) жанындағы жер учаскесі бар меншікжай (коттедж) үлгісіндегі	-//-	-	350,6	1066,9
3.9.1.2	пәтер жанындағы жер учаскесі бар бөліктелген құрылыс	-//-	-	2,4	2,4
3.9.1.3	жер учаскесі жоқ 1-3 қабатты	-//-	-	-	77,9

3.9.2	орташа қабатты (4-5 қабатты) көп пәтерлі	-//-	-	1256,5	3980,5
3.9.3	көп қабатты көп пәтерлі	-//-	-	2036,8	2596,8
3.10	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен:				
3.10.1	бос аумақта орналастырылады	-//-	-	1297,2	2749,1
3.10.2	қолданыстағы құрылысты реконструкциялау есебінен орналастырылады	-//-	-	2346,7	4973,0
3.11	Жаңа тұрғын үй қорының жалпы ауданын жылына орта есеппен пайдалануға беру	мың м ²	-	520,5	370,7
3.12	Тұрғын үй қорының қамтамасыз етілуі:				
3.12.1	су құбырымен	жалпы тұрғын үй қорының %	100	100	100
3.12.2	кәрізбен	-//-	98,2	99,0	100
3.12.3	электр плитамен	-//-	3,0	3,0	3,0
3.12.4	газ плитамен	-//-	97,0	97,0	97,0
3.12.5	жылумен	-//-	100	100	100
3.12.6	ыстық сумен	-//-	95,6	97,0	100
3.13	Тұрғындардың пәтердің жалпы ауданымен орташа қамтамасыз етілуі	м ² /адам	18,5	25,0	27,0
4	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері				
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемесі, барлығы/1000 адамға	орын	22080	32 200	36700
4.1.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	65,7	100,0	100,0
4.1.2	1000 тұрғынға	орын	50,0	66,5	64,0
4.1.3	жаңа құрылыс	-//-	-	10 120	4500
4.2	Жалпы білім беру мекемелері, барлығы/1000 адамға	-//-	66100	98000	102600
4.2.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	70,6	100,0	100,0
4.2.2	1000 адамға	орын	140,6	202,5	179,1
4.2.3	жаңа құрылыс	-//-	-	31900	4600
4.3	Аурухана, барлығы/1000 адамға	төсек	5180	6530	7330
4.4	Емхана, барлығы/1000 адамға	ауысымда келу	9950	12500	14900
4.5	Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері (интернат үйі) – барлығы/1000 адам	орын	640	640	1040
4.6	Ұзақ мерзімді демалыс мекемесі (демалыс үйі,				

	пансионат, оқушыларға арналған лагерь және тағы басқа), барлығы/1000 адамға	-//-	-	-	-
4.7	Дене шынықтыру – спорт құрылысжайлары – барлығы/1000 адам	га	21400,0/ 45,5	29000,0/ 60,0	34400,0/ 60,0
4.8	Ойын-сауық мәдениет мекемелері (театр, клуб, кинотеатр, музей, көрме залы және тағы басқа), барлығы/1000 адамға	орын	17260/36,7	59120/122,1	70665/123,3
4.9	Сауда кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	м ² сауда ауданы	155400/330,6	155400,0/321	160440,0/280,0
4.10	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	отырғызу орны	46500/98,9	46500/96,1	46500/81,2
4.11	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	жұмыс орны	2960/6,3	4356/9	5156/9,0
4.12	Өрт сөндіру депосы	автомобиль/ бекет саны	7x17	8x23 +1x6	10x33 +2x10
4.13	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін өзге объекті	тиісті бірлік	-	-	-
4.14	Химиялық тазалау орны	бір ауысымда кг киім	1680,0	1680,0	2005,0
4.15	Монша	орын	2530	2680	2830
4.16	Банк бөлімшесі мен филиалы	операциялық орын	215	240	290
4.17	Банк бөлімшесі мен филиалы	операциялық касса	65	75	90
4.18	Аудандық (қалалық) халық соты	жұмыс орны	20	25	30
5	Көлікпен қамтамасыз ету				
5.1	Жолаушылар қоғамдық көлігі желісінің ұзындығы, барлығы	км	267,5	340,8	456
	оның ішінде:				
5.1.1	электрлендірілген теміржол	қос жол км	-	-	-
5.1.2	метрополитен	-//-	-	-	-
5.1.3	трамвай	-//-	-	-	-
5.1.4	троллейбус	-//-	-	-	-
5.1.5	автобус	-//-	267,5	340,8	456
5.2	Магистральдық көше мен жол ұзындығы, барлығы	км	1530,98	1563,2	1678,24
	оның ішінде:				
5.2.1	жүрдек қозғалыс жолдары	-//-	25,6	25,6	66,12
5.2.2	жалпы қалалық маңызы бар магистраль	-//-	152,59	158,6	172,49

5.2.3	аудандық маңызы бар магистраль	-//-	130,55	156,6	217,39
5.2.4	тұрғын көше	-//-	1222,24	1222,24	1222,24
5.2.5	кенттік жол	-//-	-	-	-
5.2.6	өнеркәсіптік жол	-//-	-	-	-
5.3	Сыртқы көлік				
	оның ішінде:				
5.3.1	теміржол				
	оның ішінде:				
	жолаушы	мың жолаушы/жыл	3000	3100	3600
	жүк	мың тонна/жыл	9016	9400	9850
5.3.2	әуе				
	оның ішінде:				
	жолаушы	мың жолаушы/жыл	101,8	105	115
	жүк	мың тонна/жыл	20,5	21	23
5.3.3	автомобиль		-	-	-
	оның ішінде:		-	-	-
	жолаушы	мың жолаушы/жыл	-	-	-
	жүк	мың тонна/жыл	-	-	-
5.3.4	өзен		-	-	-
	оның ішінде:				
	жолаушы	мың жолаушы/жыл	-	-	-
	жүк	мың тонна/жыл	-	-	-
5.3.5	теңіз				
	оның ішінде:				
	жолаушы	мың жолаушы/жыл	-	-	-
	жүк	мың тонна/жыл	-	-	-
5.3.6	кұбыржол	мың м ³ /жыл	-	-	-
5.4	Көше-жол желісінің тығыздығы	км/км ²	8,15	4,93	5,3
5.4.1	қалалық, кенттік құрылыс шегінде	-//-	-	-	-
5.4.2	қала маңы аймағының шекарасы шегінде	-//-	-	-	-
6	Инженерлік жабдық				
6.1	Сумен жабдықтау:				
6.1.1	жиынтық тұтыну, барлығы	мың м ³ /тәулік	92,65	163,788	247,54
	оның ішінде:				
6.1.1.1	шаруашылық-ауыз су мұқтажына	-//-	80,57	136,488	206,28
6.1.1.2	өндіріс мұқтажына	-//-	12,08	27,3	41,26
6.1.2	басты су құбыры құрылыс жайларының қуаты	-//-	92,65	163,788	247,54
6.1.3	сумен жабдықтаудың пайдаланылатын көзі:				

6.1.3.1	жерасты су алу	-//-	+	+	+
6.1.3.2	жерүсті көздерінен су алу	-//-	-	-	-
6.1.3.3	орталықтандырылмаған су көзі	-//-	-	-	-
6.1.4	Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жерасты суының бекітілген қоры	мың м ³	500	500	500
	(бекітілген күн, есепті мерзім)		14.07.2010 жыл	14.07.2010 жыл	-
6.1.5	тәулігіне орта есеппен 1 адамның су тұтынуы	л/тәулік	205	338	432
	оның ішінде:				
6.1.5.1	шаруашылық-ауыз су мұқтажына	-//-	178	235	360
6.1.6	суды екінші рет пайдалану	%	-	30	60
6.1.7	желі ұзындығы	км	125	166	260
6.2	Кәріз				
6.2.1	сарқынды судың жалпы түсуі, барлығы	мың м ³ /тәулік	92,65	163,788	247,54
	оның ішінде:				
6.2.1.1	тұрмыстық кәріз	-//-	80,57	136,488	206,28
6.2.1.2	өндірістік кәріз	-//-	12,08	27,3	41,26
6.2.2	кәріздік тазарту құрылысжайларының өнімділігі	-//-	93	164	248
6.2.3	желі ұзындығы	км	35	61,6)	147,1
6.3	Электрмен жабдықтау:				
6.3.1	электр энергиясын жиынтық тұтыну	миллион кВт. сағат/жыл	555	688	1040
	оның ішінде:				
6.3.1.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	-	383,3	434,5
6.3.1.2	өндіріс мұқтажына	-//-	-	304,7	605,5
6.3.2	жылына орта есеппен 1 адамның электр тұтынуы	кВт. сағат	-	8814156	9747630
6.3.2.1	оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	-	4117212	4220740
6.3.3	жүктемені жабу көздері	миллион кВт	-		
6.3.3.1	оның ішінде: жылу электр орталығы, мемлекеттік аудандық электр станциясы	-//-	-	1230	1230
6.3.3.2	гидроэлектрстанция	-//-	-	-	-
6.3.3.3	біріктірілген энергия желісі	-//-	-	-	-
6.3.4	желі ұзындығы	км	561,21	594,81	599,81
6.4	Жылумен жабдықтау:				
6.4.1	орталықтандырылған көздердің қуаты, барлығы	МВт	1 094	1 499	1 651

6.4.1.1	оның ішінде: жылу электр орталығы	-//-	735	886	886
6.4.1.2	аудандық қазандық	-//-	244	339	405
6.4.1.3	орамдық қазандық	-//-	115	274	360
6.4.1.4	жергілікті көздердің жиынтық қуаты	-//-	1 094	1 499	1 651
6.4.2	жылытуға тұтыну, барлығы	-//-	1 479	1 666	1 820
6.4.2.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	1 461	1 642	1 758
6.4.2.2	өндіріс мұқтажына	-//-	18	24	62
6.4.3	ыстық сумен жабдықтауды тұтыну, барлығы	-//-	146	158	189
6.4.3.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	145	157	186
6.4.3.2	өндіріс мұқтажына	-//-	1	1	3
6.4.3.3	жергілікті жылумен жабдықтау көзінің өнімділігі	-//-	1 215	1 232	1 263
6.4.3.4	желі ұзындығы	км	248	255	262
6.5	Газбен жабдықтау				
6.5.1	табиғи газды тұтыну, барлығы	миллион м ³ /жыл	329,718	1403,55	1655,52
6.5.1.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	23,165	16,25	19,24
6.5.1.2	өндіріс мұқтажына	-//-	23,665	714,34	857,23
6.5.2.	сұйытылған газды тұтыну, барлығы	тонна/жыл	-	-	-
6.5.2.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	-	-	-
6.5.2.2	өндіріс мұқтажына	-//-	-	-	-
6.5.3	табиғи газ беру көзі	миллион м ³ /жыл	329,718	1403,55	1655,52
6.5.4	қаланың, басқа елді мекеннің отын теңгеріміндегі газдың үлес салмағы	%	81	90	100
6.5.5	желі ұзындығы	км	166,449	150,0	184,0
6.6	Байланыс				
6.6.1	халықты телевизиялық хабар таратумен қамту	халық %	100,0	100,0	100,0
6.6.2	халықтың ортақ пайдаланылатын телефон желісімен қамтамасыз етілуі	100 отбасына нөмірлер	30	32	35
7	Аумақты инженерлік дайындау				
7.1	Нөсер кәрізінің жалпы ұзындығы	км	-	12,4	108,1

7.1.1	нөсер кәрізінің тазарту құрылысжайлары	бірлік	-	1,0	4,0
7.2	Аумақтарды су басудан қорғау				
7.2.1	ауданы	га	18 787,0	31 693,7	31 693,7
7.2.2	қорғау құрылысжайларының ұзындығы	км	-	1,3	6,1
7.2.3	шайылуы және құм төгу барлығы, көлемі мен ауданы	миллион м ³ , га	-	440,0	2320,0
7.2.4	жағалауды нығайту	км	0,8	3,2	10,6
7.2.5	ашық дренаждық коллекторды реконструкциялау	км	-	24,2	24,2
7.2.6	тік дренаж ұңғымасын салу	бірлік	25,0	27,0	122,0
7.2.7	жерасты су деңгейін төмендету	га	-	-	-
7.2.8	өздігінен ағатын көлденең дренаж салу	км	5,6	0,09	5,69
7.2.9	үймежал бөгетін салу	км	-	1,3	6,1
7.3	Жасыл желекті суаруды ұйымдастыру:				
7.3.1	магистральдық суару каналдары	км	27,0	45,4	98,1
7.3.2	суаруға арналған сумен жабдықтаудың тегеурінді құбыржолы	км	-	21,3	21,3
7.3.2	суаруға арналған сумен жабдықтаудың сорғы станциясы	бірлік	-	1,0	3,0
8	Халыққа жерлеу қызметін көрсету				
8.1	Зираттардың жалпы саны	га	337,82	Қала аумағынан тыс	Қала аумағынан тыс
8.2	Крематорийлердің жалпы саны	бірлік	-	-	-
9	Қоршаған ортаны қорғау				
9.1	Атмосфералық ауаға зиянды заттар шығарындысының көлемі	мың т/жыл	20,6010042	25,3380506	25,3380506
9.2	Ластанған суды ағызудың жалпы көлемі	млн. м /жыл	37,8724	55,47308	90,350
9.3	Бүлінген аумақтарды қалпына келтіру	га	-	134,33	254,44
9.4	Шу деңгейі 65 Дб жоғары аумақ	-//-	-	-	-
9.5	Экологиялық тұрғыдан қолайсыз аумақ (шекті концентрациядан жоғары химиялық және биологиялық заттармен,	-//-	-	-	-

	зиянды микроорганизммен, рұқсат етілген шекті деңгейден жоғары мөлшердегі радиоактивті заттармен ластанған аумақ)				
9.6	Санитариялық қорғау аймақтарында тұратын тұрғындар	-//-	-	-	-
9.7	Санитариялық қорғау және су қорғау аймағын көгалдандыру	-//-	164,43	965,93	2454,4
9.8	Топырақ пен жер қойнауын қорғау	-//-	-	-	-
9.9	Аумақты санитариялық тазалау				
9.9.1	тұрмыстық қалдық көлемі	мың тонна/жыл	178,626	209,02	252,24
	оның ішінде қалдықты саралап жинау	%	-	-	-
9.9.2	қоқыс өңдеу зауыты	бірлік/мың тонна жыл	-	-	-
9.9.3	қоқыс өртеу зауыты	-//-	-	-	-
9.9.4	қоқыс тиеу станциясы	-//-	-	260,0	260,0
9.9.5	жетілдірілген қоқыс тастайтын жер (полигон)	бірлік/га	30	50	65
9.9.6	қоқыс үйінділерінің жалпы ауданы	га	-	-	-
9.9.7	оның ішінде стихиялық	-//-	-	-	-
9.10	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі өзге іс-шаралар	тиісті бірлік	-	-	-
9.10.1	қоқыс сұрыптау кешені	мың тонна/жыл	-	260,0	260,0
9.10.2	қоқыс контейнерінің саны	бірлік	1 350	1981	2365
9.10.3	жиып-тазалағыш машина саны	бірлік	-	310	360
<p>* ұсынымдық сипаттағы көрсеткіштер; ескертпелер:</p> <p>1) қала, кент және ауылдық елді мекеннің бас жоспарының техникалық-экономикалық көрсеткіші мынадай кезеңдерге келтіріледі: 2022 жыл – жаңа бас жоспардың бастапқы жылы; 2029 жыл – бірінші кезең; 2040 жыл – есепті кезең;</p> <p>2) коммуналдық-тұрмыстық және өндірістік қажеттілікке электр энергиясына, жылу энергиясына, суға, газға қажеттілік бойынша және сарқынды суды ағызу көлемі бойынша көрсеткіш тиісті облыстық және аудандық қызметтің деректері бойынша қабылданады;</p> <p>3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау.</p>					